

«ҚАЗАҚТЫ» ҚАЙТА ТІРІЛТІП,
«АЙҚАПТЫ» ЕЛІМЕН ҚАУЫШТЫРҒАН ҚАЙРАТКЕР





05

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ

МАРАТ ШОРАНОВПЕН СҰХБАТ



08

ТҰҢҒЫШБАЙ ЖАМАНҚҰЛОВ:

«МЕН КИНО МЕН ТЕАТРДА ОЙНАМАЙМЫН, ӨМІР СҮРЕМІН»

1913 - 2026
"Қазақ" газетіне - 113 жыл

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com

QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 44 (1356), 04.11.2026

+7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 qazaq1913gazeti@gmail.com qazaq1913_ qazaq gazeti qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ықпалымен газеттің
Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267-ші санынан қайта жаңғыртты

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІКТІ КАДРЛАР → 04

03

ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ҚАЙШЫЛЫҒЫ:

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МА?



ФОТО ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН АЛЫНДЫ

Қазақстан Жазушылар одағы – отандық кәсіби қаламгерлердің (ақындар, жазушылар, драматургтер, әдебиеттанушылар мен аудармашылар) басын біріктіретін, ғасырға жуық тарихы бар ең ірі республикалық шығармашылық қоғамдық бірлестік. Жазушылар одағы жай ғана қоғамдық ұйым емес, елдің рухани-мәдени саясатына ықпал етуші бірегей институт.

Рухани қарашаңырақ 1925 жылдан бері Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың ізі қалған отандық сөз өнерінің бас ордасы. Ол құрылған күннен бастап ұлттық кодты, тіл мен әдебиетті сақтауда теңдессіз тарихи рөл атқарып келеді. Алайда, уақыт бір орнында тұрмайды. Жиырма бірінші ғасырдың цифрлық кеңістігі мен нарықтық заңы әдебиет айдынына өз талаптарын қойып отыр. Бүгінде қоғамда «Жазушылар одағы заман көшінен қалған жоқ па, оның ішкі құрылымы мен бүгінгі проблемалары қандай?» деген заңды сұрақ жиі қойылады.

■ **МҮШЕЛІК МӘРТЕБЕСІ: САПА МА, САН БА?**

Бұл құрылым сырт көзге мінсіз жұмыс істеп тұрған механизмдей көрінгенімен, оның мүшелікке қабылдау жүйесінде де, ішкі әлеуетінде де үлкен қайшылықтар бар.

Алғашқы ұйымдасқан жылдары ресми тіркелген мүшелер саны небәрі 10 шақты адамнан аспады. КСРО көлемінде бірыңғай Жазушылар одағы құрылған соң, 1934 жылы маусымда Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі өтті. Осы кезде кәсіби деңгейде іріктеліп, ресми куәлік алған мүшелердің саны 30-40 қаламгерге жетті. Одан кейін одақ мүшелерінің саны елдегі сауаттылық деңгейінің артуымен, баспа ісінің дамуымен және демографиялық өсіммен бірге толқын-толқын болып өсті.

1990 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мүшелерінің саны 600-ден астам адамды құрады. Осы кезеңде (1983-1991 жылдары) одақты танымал ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқарды. 1990 жылы Қазақстан Жазушылар одағы тек шығармашылық ұйым ғана емес, ұлттық мүдде мен саяси белсенділіктің орталығына айналды. Мұнда мемлекеттік егемендік, қазақ тілінің мәртебесі және «Невада-Семей» ядролық қозғалысы сияқты маңызды мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды. Кеңес дәуірінің соңғы жылы болғандықтан, кеңестік әдеби қорлар, шығармашылық үйлер, тұрақты қаламақылар сияқты одақ мүшелері әлі де толықтай мемлекеттік қолдауда болды.

02

ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ:

АСТАНА БАСТАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?



ФОТО: AKORDA.KZ

Түркия астанасы Анкара қаласында 28–30 қазан күндері Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдер басшылары кеңесінің XIII саммиті өтті. Түбі бір түркі жұртын бірлікке бастаған жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысты. Мұнда Президент өзінің бірқатар ұсынысын айтты. Жалпы, саммиттің мәні бөлек, тақырыбы өзекті. Көтерген мәселесі де өміршең.

■ **ТҮБІ БІР ТҮРКІ ЖҰРТЫ БАС ҚОСТЫ**

Мемлекет басшысын Анкарадағы Этимесгут әуежайынан Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған өзі күтіп алды. Кейін Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімін өткізді. Мұндай жоғары құрмет бауырлас елдің байланысын әрі көшбасшылар арасындағы ерек жақындықты білдіреді.

Бұл жолы ТМҰ саммитінің қазан айына жоспарлануы бекер емес. Биыл Түркия Республикасының құрылғанына 103 жыл толды. Мерейлі мереке жыл сайын қазан айының 29-ы аталып өтеді. Түркі мемлекеттерінің басқосуын осы датаға орайластыру халықтар бірлігінің белгісін көрсету екені сөзсіз. Оның үстіне ұйымның экономикалық әлеуеті етене жақын қадам басуға жол ашып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анкараға жасаған ресми сапары 30 қазанда аяқталды. Мемлекет басшысы Түркі мемлекеттері ұйымының XIII саммитіне қатысып, бауырлас елдердің бірлігі мен саяси-экономикалық бағдары турасында ойын жеткізді.

Қазір ТМҰ-ға 5 мемлекет мүше: Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан. Ал, Мажарстан, Түркіменстан мен Солтүстік Кипр бақылаушы мәртебесіне ие. Саммит барысында әрбір ел ұйымның келешегіне қатысты ашық пікір білдіріп, қалыс қалған салаларды жіпке тізгендей жіктеп айтты.

• БАСПАСӨЗ-2027

«QAZAQ» ГАЗЕТІНЕ 2027 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«Қазпошта» АҚ бойынша

Басылым аты	Индексі	Жазылу мерзімі	Жазылу бағасы			
			Қала		Ауыл	
			Жеке тұлға	Заңды тұлға	Жеке тұлға	Заңды тұлға
QAZAQ Жеке жазылушылар үшін	64048	6 ай	4 891,50		4 766,76	
		12 ай	9 783,00		9 533,52	
QAZAQ Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14048	6 ай		7 571,70		5 936,76
		12 ай		15 143,40		11 873,52

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold 4400 4303 8300 8213 картасына немесе +7 777 797 77 88 нөміріне (Сұлтан Жасұлан) қажетті ақшаны (12 айға – 9 800 теңге) аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН (ИИН) нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp +7 701 505 48 48 нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады, түбіртекті жібереді. Ал, «Қазпошта» АҚ заңды тұлғалармен айналысатын қызметкері – Айжан, +7 701 611 41 54, жазылудың жолын айтады. Тек 2027 жылға жазылу 2026 жылдың 25 желтоқсанында аяқталатынын естеріңізге саламыз.

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 9 ҚАРАШАҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМЫ

EUR/KZT 509.43 USD/KZT 451.87 RUB/KZT 5.53 TRY/KZT 9.03 CNY/KZT 67.77 JPY/KZT 2.85 KGS/KZT 5.17

ГРАФФИТИ ҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНБАЙТЫН ОРЫНДАР ПАЙДА БОЛАДЫ

Қазақстанда граффити салуға рұқсат етілген арнайы алаңдар мен қабырғалар белгіленеді. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектенов депутаттық сауалға берген жауабында мәлімдеді, деп хабарлайды Kazinform тілшісі.

Үкімет басшысы граффити салуға қатысты заң талаптары мен қолданыстағы шектеулерге тоқталды.

– Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар көше өнерін орналастыруға арналған арнайы алаңдар мен қабырғаларды белгілеу мәселесін пысықтап жатыр, – деді Олжас Бектенов.

Олжас Бектенов қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тарихи-мәдени мұра нысандарын, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекет қорғауындағы табиғи нысандарды жазулар мен суреттер арқылы бүлдіргені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын еске салды. Ал, ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тұрғын үйлерді, ортақ пайдаланылатын орындарды, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікті бүлдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Бұдан бөлек, әкімдіктер граффитиді анықтау және нысандарды бастапқы қалпына келтіру үшін жедел топтар құрған.

– Жыл басынан бері Қазақстанда 20 мыңнан астам заңсыз жазу мен сурет анықталды. Оларға қатысты тиісті шаралар қабылданып, жазулар мен суреттер жойылды, – деп хабарлады Олжас Абайұлы.

Жыл басынан бері Қылмыстық кодекстің 294-бабы бойынша вандализм фактілеріне қатысты 12 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. Сондай-ақ ұсақ бұзақылық фактілері бойынша 59 әкімшілік іс қозғалған.

Сонымен бірге уәкілетті мемлекеттік органдар әкімшілік жауапкершілікті күшейту және мұндай әрекеттерді заңнамада нақты ажырату мақсатында заңнаманы жетілдіру жұмыстарын жалғастырады.

ЕЛДЕ САЛЫНЫП ЖАТҚАН ҮШ ӘУЕЖАЙДЫҢ ҚҰНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Үкіметте өткен брифингте Қазақстанда салынып жатқан үш жаңа әуежай құрылысына қанша қаражат бөлінгенін айтты.

Вице-премьердің айтуынша, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының Зайсан және Қатонқарағай аудандарында және Маңғыстау облысының Кендірлі аймағында жаңа әуежайлар салынып жатыр.

– Бұл әуежайлардың құрылысы 2024 жылы басталды. Зайсандағы әуежай құрылысына шамамен 68 млрд теңге, Кендірлідегі әуежайға – 69 млрд теңге, ал Қатонқарағайдағы әуежайға – 89 млрд теңге қарастырылған, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Вице-премьер құрылыс алаңдарына өзі барып, жұмыс барысымен танысқанын атап өтті. Қазір нысандардың құрылысы облыс әкімдері күнделікті бақылап отыр.

– Жыл соңына дейін Зайсан ауданындағы әуежай құрылысын толық аяқтаймыз. Қатонқарағайдағы әуежайды келер жылдың ақпан айында халық игілігіне беруді жоспарлап отырмыз. Кендірлідегі әуежай құрылысын да биыл жыл соңына дейін аяқтап, пайдалануға береміз, – дейді Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Сонымен бірге вице-премьер құрылыс жұмыстары біткен соң, қажетті құжаттарды рәсімдеп, тиісті лицензиялар алу керектігін айтты. Осыған байланысты жаңа әуежайлар жолаушылар мен әуе кемелеріне 2027 жылдың бірінші жартыжылдығында қызмет көрсете бастайды.



ФОТО: AKORDA.KZ

ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ:

АСТАНА БАСТАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

01-беттен

■ РЕСЕЙ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНА ҚОСЫЛА МА?

Қазақстан Президенті Түркі мемлекеттері ұйымының XIII саммитіне қатысып, бауырлас елдердің бірлігі мен саяси-экономикалық бағдары турасында ойын жеткізді.

– Бауырлас елдердің егемендігіне, ұлттық мүддесіне құрметпен қарау – біздің мызғымас қағидатымыз. Түркі жұрты тонның ішкі бауындай тату болып, бағыт-бағдарынан ауытқымай бірлесіп, алға нық қадам жасауда. «Түркі ғасыры: тіліміз де, ойымыз да, ісіміз де – бір» атты бүгінгі басқосу тақырыбының мән-мағынасы өте терең. Бұл жиын Бірінші Түркология құрылтайының 100 жылдығымен орайлас өтіп жатыр. Мұның символдық мәні де ерекше. Осыдан бір ғасыр бұрын бауырлас елдердің зиялы қауым өкілдері рухани тұтастығымызды нығайту үшін ортақ мүдде жолында Баку қаласында үлкен жиын ұйымдастырып, күш біріктірген болатын. Біз бабаларымыздың осы аманатына адал болып, түркі әлемінің ауызбіршілігін күшейту үшін жұмыла әрекет етіп келеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осы орайда Режеп Тайип Ердоғанның бастамасымен Түркі мемлекеттері ұйымы аллеясының ашылғанын ерекше атап өтті.

– Бұл аллея мызғымас бауырластығымыздың символына айналады деп сенемін. Баршаңызға мәлім, қазір әлемдегі геосаяси ахуал ушығып барады. Таяу Шығыстағы жағдай, әсіресе, Ормуз бұғазы төңірегіндегі текетірес күрделене түсті. Мұның бәрі жаһан елдерінің, әсіресе, шекаралас түркі мемлекеттерінің сауда-экономикалық және көлік-логистикалық байланысына кері әсерін тигізуде. Қазақстан бір белгілі, яғни хусит деген әскери қозғалыстың бауырлас Сауд Арабиясына қарсы негізсіз шабуыл жасағанына наразылық білдірді. Осындай жөнсіз әрекеттерді тоқтату керек деген мәлімдемелерге қосыламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ТМҰ аясындағы экономикалық ықпалдастық айрықша рөл атқаратынына сенім артатынын айтты.

– Біздің еліміздің Ұйымға мүше елдермен алыс-берісі биыл 10 миллиард долларға жуықтады. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 40 пайызға артып отыр. Осы қарқынды сақтап қалу үшін әлі де бірқатар шараларды іске асыруымыз керек. Ең алдымен, «Түркі әлемінің келешегі – 2040» бағдарламасын сапалы орындау өте маңызды. Осы тұста Түркі мемлекеттері ұйымының 2027-2031 жылдарға арналған стратегиясын жедел қабылдау қажет. Біз бұл құжаттың жобасында көрсетілген сауда, инвестиция, қаржы, өндіріс, ауыл шаруашылығы, цифрлық технология, білім-ғылым және басқа да салаларды дамытуға қатысты шараларды қолдаймыз. Ең бастысы, бес жылға арналған стратегияда нақты жобалар көрініс табуы керек. Сондықтан, Түркі инвестициялық қорының мүмкіндіктерін барынша қолдану қажет. Оның әлеуеті зор. Бұл қаржылық институттың толыққанды жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасап берсек, жөн болар. Бұған қоса, экономикалық ықпалдастықты күшейту үшін Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының мүмкіндігін пайдаланған абзал. Қазақстан бұл құрылымға төрағалық еткен кезеңде бірқатар шаралар өткізіп, маңызды құжаттар әзірледі. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатымен келесі жылы Қазақстанда Іскерлік форумын өткізуді ұсынамыз. Біздің ойымызша, Ұйымымыздың аясындағы Ақсақалдар кеңесінің жұмысы да өте маңызды. Осы құрылымға қаржылай және басқа да түрлі көмегімізді көрсетуіміз қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастықты нығайту жолында «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын қолданудың маңызы зор екеніне мән берді.

– Ұйымымыздың беделін арттыру үшін Ресейдің ниетіне оң пікірімізді білдіріп, бұл елді осы форматқа қосылуға немесе Ұйымға бақылаушы ретінде қатысуға шақырсақ, дұрыс әрі әділетті шешім болар еді. Өйткені, Ресей ірі мемлекет ретінде көне заманнан бері түркі әлемімен тығыз байланыста болған. Бұл елде тарихи мекенін тапқан түркі халықтары көп. Қазіргі таңда Ресей «Алтай өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» деген тұжырымдаманы дәріптеуде. Қазақстан бұл тұжырымдаманы қолдайды. Орыс тілінде түркі тілдерінен тамыр тартатын сөздер де аз емес. Жалпы, Ресей түркі елдерінің, яғни біздің Ұйымның бір бөлігі болса, бәрімізге пайдасын тигізер еді, – деді Мемлекет басшысы.

Ресей президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейді Түркі мемлекеттері ұйымының құрамына қосу туралы ұсынысына қатысты сұраққа жауап берді.

«Бізде халқы тарихи шығу тегі жағынан түркілерге жататын бірқатар өңір бар. Сондықтан, мұндай қадам әбден түсінікті әрі орынды болар еді», – деді Ресей президентінің баспасөз хатшысы.

Ресейде түркі халықтарының басым бөлігі Татарстан, Башқұртстан, Дағыстан, Чувашия және Якутия (Саха) республикаларында тұрады.

■ ЦИФРЛАНДЫРУДАН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІГЕ ДЕЙІН

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті тереңдету басым міндеттің бірі деп санайды.

– Түркі әлемін өзара байланыстыру ісінде Транскаспий халықаралық көлік бағытының алатын орны ерекше. Биылғы 9 айда Орта дәліз арқылы тасымалданған жүктің көлемі 30 пайызға артты. Соның ішінде транзиттік тасымал көлемі 90 пайызға өсті. Ал, Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен теміржол арқылы жүк тасымалы 10 пайызға ұлғайып, 40 миллион тоннаға жақындады. Автокөлікпен тасымалданған жүк көлемі де 20 пайызға көбейіп, 6,5 миллион тоннаға жетті. Осы орайда, біз Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыра түсу үшін елімізде басымдық ретінде арнайы бағдарламаны жүзеге асыратын болдық. Жалпы, еліміз үшін Орта дәліз бойындағы логистика инфрақұрылымын және теңіз порттарын жаңғырту жұмысының маңыздылығы өзгермейді. Алайда, басқа көлік-логистика бағдарлары, яғни, Солтүстік-Оңтүстік дәлізі, «Бір белдеу, бір жол» жобасы және өзге де жолдар Қазақстан үшін өте пайдалы әрі тиімді болып қала береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту – бүгінгі күннің талабы.

– Елдеріміз жаппай цифрландыру мәселесімен белсенді түрде айналысып жатыр. Қазақстан цифрлық ел болуды мақсат етіп отыр. Бұл бағытта ауқымды жұмыс істелуде. Биыл елімізде – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы құрылды. Жасанды интеллект саласына қажетті мамандар даярлайтын Qazaq AI Research университеті ашылды. Қуаттылығы 1 ГигаВатт болатын Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы құрылып жатыр. Екі суперкомпьютер іске қосылды. Таяу арада үшінші өте қуатты суперкомпьютер өз жұмысын бастайды. Цифрлық кодекс, Жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылданды. Қажет болса, осы тәжірибемізді бауырлас елдермен бөлісуге дайынбыз. Өздеріңізге жақсы белгілі, биыл мамыр айында Түркістанда өткен басқосуда жасанды интеллект және цифрлық даму мәселесін талқыладық. Қазір сол жиында көтерілген бірқатар маңызды бастаманы жүзеге асырып жатырмыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі дамыту мәселесі де әріптестіктің маңызды бағытының бірі екенін айтты.

– Қазақстан түркі халықтарының тарихи мұрасын зерделеу, сақтау және дәріптеу ісіне айрықша көңіл бөледі. Мен биыл Түркістанда өткен басқосуда Түркі өркениеті орталығын және дала өркениетін дәріптеуге арналған «Мәңгілік ел» орталығын құруды ұсындым. Қазір тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы орайда, Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенцияны тездетіп қабылдаған жөн деп санаймыз. Сонымен қатар, елімізде «Қазақстан тарихы: ежелгі дәуірден бүгінге дейін» атты жеті томдық ауқымды еңбек әзірленіп жатыр. Осы жұмысқа белсене қатысқан түркі елдерінің ғалымдарына шынайы алғыс білдіреміз. Академиялық еңбек тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан кең ауқымда, шынайы және әділ көзқараспен қарауға көмектеседі, – деді ол.

■ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ КЕЛЕШЕГІ

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымға қарасты құрылымдар да іргелі істер атқарып жатқанын атап өтті.

– Түркі академиясының бастамасымен ортақ тарихи және мәдени ескерткіштерге арналған бірқатар еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, «Түркі әлемінің киелі географиясы» үш томдығы, «Көне түркі жазбаларының» бес томдық каталогы дайындалды. Сондай-ақ «Қазіргі түркі тілдері сөздігінің» 25 томдығы басылып шықты. Бұл еңбектер – түркі ғалымдары жұмысының үлкен нәтижесі. Сонымен қатар, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры «Turkic Heritage» халықаралық цифрлық платформасын дайындады. Бұл бірегей цифрлық өнім түркі халықтарының тарихын, әдебиетін, мәдениетін танып-білуге мүмкіндік береді. Түркі әлемінің тарихында Алтайдың алатын орны ерекше. Биыл Қазақстанда «Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестивалі жоғары деңгейде өтті. ИСЕСКО ұйымының шешімімен киелі Түркістан шаһары келесі жылы Ислам әлемінің мәдени астанасы атанбақ. Біз осы бастама аясында түркі өркениетінің рухани үндестігі мен сабақтастығын сақтауға ықпал ететін ауқымды шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, әдебиет пен тіл мәселесіне арналған Қожа Ахмет Ясауи халықаралық форумын, сондай-ақ Түркі және ислам әлемі мұражай ісі мамандарының жиынын өткіземіз. Ғалымдарымызды осы іс-шараларға белсене атсалысуға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөз соңында қазақта «Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта» деген мақал бар екенін еске салып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ мақсат жолында бірлесе әрекет ету керектігін айтты.

– Бүгінгі басқосу Ұйым жұмысына жаңа серпін беріп, ықпалдастығымызды нығайта түседі деп сенемін. Осы орайда, Әзербайжан мемлекеті Ұйымға былтырдан бері төрағалық етіп, оның абырой-беделінің артуына мол үлес қосқанын баса айтқым келеді. Мен Әзербайжан тарапына ризашылығымды білдіремін. Енді төрағалық ету міндеті Түркияға жүктеледі. Алдағы уақытта да Ұйым аясында тың бастамалар жүзеге асырылады деп сенемін. Сондай-ақ Кубанычбек Омуралиев мырзаға табанды қызметі үшін алғыс айтамын. Ал, жаңа Бас хатшы Мирвохид Азимов мырзаға сәттілік тілеймін. Алқалы жиынды жоғары дәрежеде өткізгені үшін Түркия Республикасының Президентіне тағы да ризашылығымды білдіремін, – деді Қазақстан Президенті.

Түркі мемлекеттері ұйымы 13-ші саммитінің қорытындысы бойынша Анкара декларациясы қабылданды.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Түркі елдері аймағында 179 миллион халық барын әрі жер аумағын ескерсек, әрбір ұйымға мүше ел нарықтан таршылық көрмейтінін анық. Бұл тұрғыда экономикалық байланыс пен ресурстық мүмкіндік жетерлік. Түркі мемлекеттері рухани тұрғыда ғана емес, экономикалық әлеуеті тұрғысынан да алып. Бірақ, Түркі мемлекеттері ұйымы мүмкіндікті қаншалықты пайдалана алып отырғаны басы ашық сұрақ. Неге десеңіз, аталған елдердің тауар айналымы – 1,1 триллион доллар. Қазақстанның да статистика мәз емес. Өткен жылы Қазақстанның ұйымға мүше елдермен арадағы алыс-берісі 10 миллиард долларға жуықтады. Сондықтан, ұйым экономикалық ықпалдастықты дамытуға ниетті.

Есбол ҚУАТҰЛЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «VII ЕСІК ОҚУЛАРЫ» ӨТТІ

30 қазанда Абай университетінде «Алтын адам мұрасын зерттеу және сақтаудың өзекті мәселелері: археология, археогенетика, музейлендіру және тарихи-мәдени интерпретация» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара дәстүрлі «VII Есік оқулары» аясында ұйымдастырылып, Қазақстан, Қытай, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркия, Италия және басқа да елдердің зерттеуші-ғалымдарының басын қосты.



«Алтын адам» мұрасын жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерделеуді, ежелгі өркениеттер тарихын зерттеудің заманауи әдістерін талқылауды және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуды мақсат еткен конференция «Қазақстан-Қытай: археологиялық мұраны сақтау жолындағы ынтымақтастық» атты көрменің ашылуымен басталды. Пленарлық отырыста Есік жазуының шығу тегі мен ғылыми маңызы, ежелгі түркі жазба ескерткіштері, сақ дәуірінің археологиялық құндылықтары талқыланды.

Ғылыми-практикалық конференция әзірбайжандық ғалым Фирудин Джалилов Есік жазуының тіліне тоқталса, Қытай зерттеушісі Дин Янь қытай жазба деректеріндегі үйсіндер туралы алғашқы зерттеулерді қарастырды. Түркістандық ғалым Бекжан Орынбай Есік жазуының тарихи және картографиялық маңызы жөніндегі ғылыми пайымдарын ұсынды. Ал белгілі реставратор Қырым Алтынбеков «Алтын адам» бейнесін қайта жаңғырту жұмысының ерекшелігі мен оның қазіргі қоғамдағы мәдени ықпалы туралы сөз қозғады.

«VII Есік оқулары» тарихи-мәдени мұраны цифрландыру, музей ісіне инновациялық технологияларды енгізу және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану мәселелерін де қамтыды. Атап айтқанда, Орхон-Енисей жазбаларын цифрлық әдістермен зерттеу, археологиялық ландшафттарды музейлендіру және мәдени мұраны заманауи технологиялар арқылы сақтау бағыттарын ұсынды.

Абай университеті ғалымдары мен жас зерттеушілерінің баяндамалары археологиялық мұраны білім беру жүйесіне енгізу, тарихи танымды дамыту және ғылыми нәтижелерді педагогикалық тәжірибемен ұштастыруға бағытталды. Конференция отандық және шетелдік ғалымдарға ғылыми тәжірибе алмасып, жаңа зерттеу бағыттарын талқылауға және халықаралық байланыстарды нығайтуға жол ашты. Халықаралық басқосу екі ғылыми секцияға жалғасып, жоғары оқу орны ғалымдары, Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері баяндама жасады.

«Abai University» медиа орталығы



ФОТО: ВИДЕОДАН СКРИН

ЕРЛАН ҚАРИН МЕРЕКЕ ҚҰЛКЕНОВПЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Вице-Президент Ерлан Қарин Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, белгілі қаламгер Мереке Құлкенов-пен кездесті. Бұл туралы Вице-Президент Instagram-дағы парақшасында жазды.

– Тіл нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды тағы бір мәрте қайта пысықтадық. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, белгілі қаламгер Мереке Құлкеновпен кездесіп, Одақтың алдағы жоба-жоспарлары, жалпы отандық әдебиеттің дамуы жөнінде пікір алмастық, – делінген жазбада.

ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ҚАЙШЫЛЫҒЫ:

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МА?

01-беттен

1991-1996 жылдар аралығында Қалдарбек Найманбаев басқарған тұста Қазақстан Жазушылар одағы мүшелерінің саны 700-ге жуық адамды құрады. Бірнеше жылдан кейін нарықтық заманның келуімен ұйым құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл кезең Қазақстан Жазушылар одағының тарихындағы елеулі трансформациялық жылдар болды. КСРО тарағаннан кейінгі алғашқы жылдар шығармашылық ұйымдар үшін қаржылық және материалдық тұрғыдан өте ауыр соқты. Мемлекеттік дотациялар тоқтап, Одақ мүшелерінің әлеуметтік жағдайы қиындады. 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басына қарай одақ мүшелерінің саны оңтайландырылып, іріктеу күшейтілгендіктен, кейінгі жылдары ресми тізімдегі белсенді мүшелер саны 400-ге дейін қысқарды. 2000-жылдардың басында Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдау тәртібі мен талаптары айтарлықтай күшейтілді. 1996 жылы ұйым тізгінін ұстаған Нұрлан Оразалиннің тұсында Одақ мүшелерінің сапалық құрамын сақтау үшін арнайы мораторий жарияланып, жаңадан қабылдау ережелеріне қатаң сүзгі қойылды. Онда Одақ басшылығы мен хатшылар алқасы дауыс беру арқылы нақты кімді қабылдап, кімді қалдыру керектігін шешті. 2000 жылдары бұл талқылау өте қатаң жүрді, соның нәтижесінде кездейсоқ адамдардың ұйымға өтуіне үлкен тосқауыл болды.

Одаққа қабылдау тәртібі ресми түрде қатаң, кемінде жарық көрген 1-2 жеке көркем кітабы болуы және Одақтың белді мүшелерінен 3 кепілдеме хат ұсынылуы тиіс. Осыдан кейін арнайы қабылдау комиссиясы құжаттарды сараптап, дауыс беру арқылы шешім шығарады. Алайда, бүгінде Одақ мүшелерінің саны 1000-нан асып жығылады. Әдеби ортада бұл көрсеткіш мақтануға емес, ойлануға негіз болып отыр. Сыншылардың айтуынша, демеушілердің көмегімен сапасыз 1-2 кітап шығарып, таныстықпен куәлік алғандардың кесірінен «Жазушы» деген қасиетті мәртебе құнсыздана бастады. Сапа емес, сан қуалаушылық ұйымның беделіне нұқсан келтіруде. Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында жарияланған соңғы ресми деректер бойынша, ұйымда 1015 қаламгер болса, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлының дерегі бойынша бұл күнде 1300-ден асады. Бұл – Одақтың бүкіл тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Жазушылар одағы мүшелерінің географиялық шоғырлануы бойынша негізгі үлес екі бас қалаға тиесілі. Одақтың бас ғимараты (қарашаңырағы) Алматыда орналасқандықтан және әдебиет алпауыттары мен ардагерлерінің басым бөлігі осы мегаполисте тұратындықтан, ең үлкен шоғыр, 450-дей қаламгер тұрады.

Елордада Жазушылар одағының арнайы ірі аймақтық бөлімшесі (филиалы) жұмыс істейді. Мұнда мемлекеттік қызметте, БАҚ-та және академиялық ортада жүрген 200-ге жуық Одақ мүшесі шоғырланған. Қалған 500-ден астам қаламгер Қазақстанның басқа облыстары мен аудандарында тұрады.

Одаққа қабылдау тәртібінің ресми шарттары тұрақты (өтініш, шығармашылық өмірбаян, жарық көрген 1-2 кітап және Одақтың белді мүшелерінен 3 кепілдеме) дегенмен, қазіргі әдеби ортада ірікteудің тазалығы мен объективтілігі қатты сынға ұшырап отыр.

Әдебиет сыншыларының айтуынша, қазіргі таңда кітап шығару еш қиындық тудырмайды – қаржысы немесе демеушісі бар кез келген адам сапасыз болса да 1-2 жинақ шығара алады. Осыдан кейін таныс-тамырлықпен Одақ мүшелерінен 3 кепілдеме алып, ұйымға оңай өтіп кететіндер көбейген. Қазіргі жағдайда ЖИ-дің дамуы кітап жазуға тіпті қолайлы болып отыр. Сондықтан да, нағыз талантты іріктеу заманның қатаң талабы болу керек. Мүшелер санының 1000-нан асып кетуі де іріктеу елегінің әлсірегенін көрсетеді. Бұл сан тым көп және олардың ішінде шынайы таланттардан гөрі, таныстықпен, демеушілердің көмегімен 1-2 кітап шығарып, мүшелік куәлік алғандар аз емес. Бұл ұйымның беделіне нұқсан келтіреді. Оқырман мен сыншылар арасында: «Мүшелікке өтуде сападан гөрі сан басым болып кеткен жоқ па, демеушінің көмегімен шыққан әлсіз кітаптар Одақ есігін тым оңай ашып жатқан жоқ па?» деген сауалдар жиі туындайды.

Одақ ішінде сапалық тұрғыдан тазарту мәселесі жиі көтеріледі. Одақтың қазіргі басшылығы одақ мүшелерін қайта тіркеуден өткізіп, нағыз кәсіби қаламгерлерді қалдырып, ешқандай көркемдік құны жоқ кітап жазғандардан арылу керек. Жазушылар одағының мүшелерін іріктеп, «көлденең келген» кездейсоқ, шығармашылық деңгейі төмен адамдардан тазарту – ұйымның қаржылық тиімділігін арттырып, нағыз таланттарға жол ашудың төте жолы. Қазіргі уақытта Мемлекеттік стипендия немесе Одақ тарапынан берілетін қолдаулар шектеулі бюджетке тіреледі. Егер Одақ мүшелерінің саны тек белсенді, сапалы жазатын авторлармен шектелсе, сол бөлінетін қаржы аз адамға әлдеқайда қомақты әрі сезінетіндік деңгейде бұйырар еді. Одақ мүшелерінің саны азайғанда, комиссияның жұмысы жеңілдейді. Кімнің нағыз еңбек сіңіріп жатқанын анықтау оңайға түседі. Одақ мүшелерінің көптігіне байланысты өтетін түрлі жиындар, құрылтайлар, іссапарлар мен мерейтойларға жұмсалатын орасан зор қаржы үнемделеді.

■ АР ТАЗАЛЫҒЫ ЖӘНЕ КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ: ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ ЗАМАН СЫНЫНДА

Бүгінгі Одақ төңірегіндегі сыни мәселелердің бірі – осы тазалыққа келіп тіреледі. Жазушылар одағының құрылымы бес жылда бір өтетін Құрылтайға, басқарма мен хатшылыққа және жанрлық кеңестерге негізделген. Сырт көзге бәрі жүйелі көрінгенімен, қаламгерлер ортасындағы ең үлкен талап – шығармашылық тазалық.

Әдебиет – халықтың рухани паспорты, ал оның қарашаңырағы – Қазақстан Жазушылар одағы. Ғасырдан артық тарихы бар бұл шығармашылық ұйым бүгінде жаңа дәуірдің табалдырығында тұр. Заман өзгеріп, цифрлық технологиялар алға озған сайын, сөз өнеріне қойылатын талап та, қоғамның қаламгерлерден күтер үміті де ерекше. Осы орайда «Әдебиет – ардың ісі» деген бұлжымас қағида мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру идеясы мен Одақтың ішкі тынысы, бүгінгі проблемалары ұлт руханиятының айнасы.

Қаламгерлер қаншалықты таза әрі көркем шығарма жазғанымен, оны оқитын саналы оқырман болмаса, еңбек еш. Дәл осы тұста мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеру үшін арнайы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойған. Мемлекет басшысы көтерген бұл мәселе тікелей Жазушылар одағының да алдына жаңа міндеттер жүктейді. «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында елімізде жаңа форматтағы кітапханалар ашылып, отандық баспа ісі мен жазушыларды қолдау шаралары күшейтілуде. Бұл – Одақ үшін өз оқырманымен қайта қауышуға, кітап маркетингін заман талабына сай реттеуге берілген үлкен мүмкіндік.

Ұлы классиктерден қалған «Әдебиет – ардың ісі» деген сөз – жай ғана ұран емес, қалам ұстаған әр адамның ішкі компасы. Жазушының еңбегі материалдық игілікпен ғана өлшенбеуі тиіс. Қаламгерлер ортасы өзінің ішкі этикасын, рухани пәктігін сақтағанда ғана оқырман сеніміне ие болады. Әдеби шығармалар арзан атақ үшін емес, қоғамның дертін емдеу үшін, таза ниетпен жазылуы шарт.

Әдебиет ардың ісі болып қалуы үшін қаламгерлер ортасы ең алдымен өзіне-өзі талап қоя білуі тиіс. Ал, Мемлекет басшысының «Кітап оқитын ұлт» құру идеясы – қоғамды рухани құлдыраудан сақтайтын басты құрал. Жазушылар одағы өткен күннің жетістігімен ғана шектелмей, ішкі тазалығын сақтап, жаңа реформалар мен заманауи арт-менеджментке бет бұрғанда ғана ұлттың шын мәніндегі рухани темірқазығына айнала алады.

■ ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жазушылар одағының қазіргі тыныс-тіршілігін саралай келе, ұйымды тұралатып тұрған бірнеше жүйелі проблеманы атап өтуге болады:

1. Қаржылық тәуелділік пен қаламақы дағдарысы: Одақтың дербес коммерциялық табыс көзі жоқ. Кітап шығару, стипендиялар мен байқаулар толығымен дерлік мемлекеттік тапсырыстар мен әкімдіктердің гранттарына байланысты. Жазушылардың тұрақты еңбегін ақтайтындай жоғары қаламақы ала алмауы шығармашылық адамдарын тұрмыстық тауқыметке тірейді. Қаржыландыру мемлекеттен болғандықтан, Одақ басшылығы мен мүшелері билік саясатына ашық оппозициялық пікір білдіруден тартынады деген түсінік қалыптасқан. Жекелеген қаламгерлер тарапынан Одақтың қоғамдағы маңызды әлеуметтік немесе саяси оқиғалар кезінде мемлекеттік позициядан аспай, бейтарап немесе үнсіз қалатыны туралы сыни пікірлер жиі айтылады.

2. Мемлекеттік тапсырыспен шығарылатын кітаптардың таралымын көбейту – қазақ әдебиетінің оқырманға жетуін тездететін және баспа нарығын дамытатын ең өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарламамен шығатын кітаптардың таралымы көбіне шектеулі (1000-3000 дана) және олар негізінен тек мемлекеттік кітапханаларға таратылады, бұл еркін сауда нарығына және қалың оқырманға жетуге кедергі келтіреді.

3. Әдеби сынның тұралауы («Қошемет әдебиеті»): Қазіргі қазақ әдебиетінде шынайы, объективті кәсіби сын жоқтың қасы. Шынайы, объективті әдеби сынның аздығы «қошемет әдебиетінің» етек алуына жол беріп отыр. Әдеби ортада реніш тудырмау үшін тек бірін-бірі мақтау, «қошемет мақалаларын» жазу белең алған. Сын болмаған жерде өсу де болмайтыны белгілі. Әдебиет ортасында замандастардың шығармасына кәсіби, объективті баға беру үрдісі әлсіз. Сыншылардың көбі реніш тудырмау үшін тек мақтау немесе «қошемет» мақалаларын жазумен шектеледі. Сынның жоқтығынан Одақ мүшелігіне қабылдау кезінде де, кітап басып шығару кезінде де көркемдік деңгейі төмен, әлсіз шығармалардың елеусіз өтіп кету қаупі жоғары.

4. Әлеуметтік-саяси үнсіздік: Нарықтық уақытта «зиялы қауым үнінің» бәсеңдегені жасырын емес. Қаржыландыру мемлекеттен болғандықтан, Одақ қоғамдағы маңызды әлеуметтік-саяси оқиғалар кезінде ресми позициядан аспай, бейтарап қалуды жөн көреді. Бұл халық пен зиялы қауым арасындағы рухани байланысты әлсіретуде.

5. Бюрократия және жаңарудың баяулығы: Ұйымның ішкі құрылымы бюрократия, атақ-дәрежеге құштарлық, сыйақы бөлінісі төңірегіндегі даулардан арыла алмай келеді. Басшылық құрамның ауысуы мен ұйымның заманауи трендтерге бейімделуі баяу. Одақ ішінде монополия қалыптасқан. Басшылық пен аға буын көбіне әдебиетті дамыту емес, мемлекеттік сыйлықтарды, атақтарды және пәтер кезектерін бөлісу сияқты тұрмыстық, материалдық мәселелерге бас ауыртады. Одақтың және оның аймақтық филиалдарының жұмысы «өткізілген жиындар санымен» емес, «нарыққа шыққан жаңа бестселлерлер», «аударылған кітаптар» және «жаңадан ашылған есімдермен» бағалануы керек. Қаржылық мотивацияның төмендігі жазушылық еңбектің материалдық құнының (қаламақының) мардымсыз болуы авторлардың да, оларды басқаратын ортаның да ынтасын (мотивациясын) түсіреді. Осы негізде қаламгерлер шоғырланған Астана қаласында қала әкімдігінің жылына бір рет берілетін 500 мың теңге көлемінде берілетін сыйақының жартысына жуығы ұсталып қалуы зиялы қауымға деген құрметтің құнын түсіріп отыр. Бұл жөнінде нақты есеп ашық түрде берілмейді.

6. Қаламгерлерге мемлекет тарапынан тегін немесе жеңілдікпен пәтер берілу – әдеби ортада ондаған жылдар бойы ең көп талқыланатын, дау тудыратын және сонымен бірге әлеуметтік маңызы жоғары мәселенің бірі. Ашықтықтың жоқтығы және тамыр-таныстық – тұрғын үй кезегін реттеу және оны бөлу процесі көбіне Жазушылар одағының ішкі комиссиялары немесе басшылықтың шешімі арқылы жүреді. Бұл жерде шығармашылық белсенділік, нақты әлеуметтік жағдайдың орнына «басшылыққа жақындық», «атақ-дәреже» немесе жеке байланыстар рөл ойнайды. Жиі жағдайда баспана ең талантты немесе баспанаға шын мұқтаж қаламгерлерге емес, Астана мен Алматыда бірнеше үйі бар, атағы шыққан, бірақ Одақ ішінде ықпалы зор аға буын өкілдеріне қайталанып беріліп жатады. Ауыл-аймақта, тар бөлмеде жалданып тұратындар кезекке де іліне алмайды.

7. Арнайы жеңілдетілген әдеби ипотекалық бағдарлама болса – Мемлекеттен тегін үй бергеннен гөрі, жас және орта буын қаламгерлері үшін «Отбасы банк» немесе басқа да операторлар арқылы «Әдебиетші» (0% немесе 2-3%-дық бастапқы жарнасыз/төмен пайыздық) арнайы тұрғын үй бағдарламасын іске қосу әлдеқайда тиімді. Бұл жазушының жауапкершілігін арттырады және нағыз еңбек етіп жатқандарға мүмкіндік береді. Баспананы жеке меншікке тегін беріп жібергенше, мемлекет немесе Одақ балансында «Қызметтік үйлер қорын» құру керек. Өңірлерден келген немесе уақытша үйсіз жүрген талантты авторларға сол пәтерлерде 3-5 жыл тегін немесе коммуналдық төлеммен ғана тұруға мүмкіндік беріледі. Осы уақыт ішінде жазушы өзінің ірі шығармасын жазып, қаламақысы арқылы өз үйін сатып алуға жағдай жасайды. Жазушыға үй бергенше, оның кітабынан табатын табысын (роялти) арттыратын заңнамалық база құру керек. Егер мемлекеттік тапсырыс пен баспа нарығы дұрыс жұмыс істеп, жазушы шығарған бір кітабынан миллиондаған қаламақы ала алса, ол мемлекетке жалтақтамай-ақ кез келген баспананы өзі сатып алады.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қазақстан Жазушылар одағы – жай ғана қоғамдық ұйым емес, ұлттың рухани барометрі. Алайда, өткен күннің даңқымен ғана өмір сүру мүмкін емес. Қарашаңыраққа бүгін жаңа заман тынысы, нарық заңына бейімделген менеджмент және шынайы, батыл әдеби сын ауадай қажет. Тек ішкі реформалар мен ашықтық қана Одақтың қоғамдағы бұрынғы биік беделін қайтара алады.

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ

АСТАНА

Вице-Президент Ерлан Қарин комиссия төрағасы ретінде Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықты беру жөніндегі комиссияның соңғы шешімі туралы түсініктеме берді.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ БИЫЛ АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ НЕ ҮШІН БЕРІЛМЕЙТІНІН ТҮСІНДІРДІ



ФОТО: АҚОРДА

Ерлан Тынымбайұлы мемлекеттік сыйлық тұлғаға емес, туындыға берілетін сыйлық екенін атап өтті. Айтуынша, биыл дауыс беру қорытындысына сәйкес бірде-бір жұмыс комиссия мүшелерінің басым дауысына ие бола алмаған.

– Біріншіден, конкурсқа түскен үміткерлердің барлығын сыйлаймыз, құрметтейміз. Олар төл руханияттың дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан белгілі тұлғалар. Өзім де бірқатарын жеке танимын. Бірақ Мемлекеттік сыйлық – тұлғаға емес, туындыға берілетін сыйлық. Осының аражігін ажыратып алған дұрыс. Атақты біреуге ұнау немесе жағу үшін, ренжіп қалмасын деген себеппен беретін болсақ, өнер одан дамымайды, бұл атақтың мәртебесі артпайды. Екіншіден, бәріміз тәртіпке бағынуымыз қажет. Ұсынылған туындылардың барлығы дауысқа салынды. Бірақ дауыс беру қорытындысы бойынша бірде-бір жұмыс Комиссия мүшелерінің айқын басым дауысына ие бола алған жоқ. Керісінше, жұмыстарды қолдамағандар мен қалыс қалғандардың үлесі басым болды, – деді Вице-Президент.

Ерлан Қарин бұған дейін де лайықты жұмыстардың болмауына байланысты мемлекеттік сыйлық берілмеген жағдай болғанын атап өтті. Сонымен бірге мемлекеттік сыйлық тәртібі мен ережесіне өзгеріс енгізілетінін айтты.

– Мысалы, 2023 жылы гуманитарлық ғылымдар саласындағы А.Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлық лайықты жұмыстардың жоқтығына байланысты берілген жоқ. Сондықтан, конкурс болғасын оның нәтижесі де әртүрлі болуы мүмкін, оны дұрыс қабылдау керек. Үшіншіден, отырыстың соңында Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа тұтастай реформа керек екені айтылды. Бұл пікірді кешелі бері желі қолданушылары да қолдап жазып жатыр. Шынында да, мемлекеттік сыйлықты беру тәртібі қазіргі кезеңнің талаптарына сәйкес келмейді. Сыйлықтың талап, тәртібі ғана емес, мазмұны мен сипаты да өзгеруі керек. Мысалы, әлемдегі ең беделді Нобель сыйлығы 50 не 70 жасқа толғаны үшін емес, жаңалық пен жаңашылдық үшін беріледі. Сол сияқты Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты мерейтой иесіне, үміткердің материалдық жағдайына және басқадай себептерге байланысты ұсыну жалпы дұрыс емес. Сондықтан, мемлекеттік сыйлық тәртібі мен ережесіне үлкен өзгеріс енгіземіз. 2000 жылдардан бері қарай есептесек, Абай атындағы мемлекеттік сыйлық 60-қа жуық адамға берілген екен. Демек, шығармашылық саланың осыншама өкіліне мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілді деген сөз. Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен мемлекеттік сыйлық иегерлеріне берілетін қаражат артты. Демек, беделді сыйлыққа ұсынылатын туындылар да осыған лайық болуы шарт, – деді Ерлан Тынымбайұлы.

ТОКИО, ВЕНА, НЬЮ-ЙОРК: ҚАЗАҚСТАННАН ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ КЕҢЕЙЕДІ



Жақында Алматыдан Токиоға тікелей рейс ашылып, Вена, Нью-Йорк және Милан бағыттары бойынша әуе қатынасы жолға қойылады. Бұл туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев айтып берді.

Вице-премьердің айтуынша, биыл 30 қарашада Алматы-Токио бағытында бірінші әуе рейсі ашылады. Ал, келер жылы Вена, Нью-Йорк, Милан және басқа да жаңа әуе бағыттары ашылады.

– Негізгі авиациялық хабтар айқындалды. Бұл хабтарда арнайы экономикалық аймақтар режимі енгізіліп, жанармай құю кешендері мен жүк терминалдары жаңғыртылуда, мультимодальды тасымалдау қағидаттарына сәйкес теміржол және автомобиль жолдары тартылуда. Аэронавигациялық қамтамасыз ету жүйесін озық халықаралық жабдықтар мен стандарттар негізінде жаңғырту басталды, – деді Премьер-министрдің бірінші орынбасары.

Көлік саласын толық цифрландыру мақсатында «Е-Көлік» бірыңғай зияткерлік платформасының негізінде ақпараттық жүйелер интеграциялануда. Аталған платформа арқылы қағазсыз құжат айналымына толық көшу, құжаттарды ресімдеу мерзімдерін қысқарту және жүк ағындарының ашықтығын арттыру қамтамасыз етіледі.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **ДЕМОКРАТ 42 ЖАСТАҒЫ АБДУЛ ЭЛЬ-САИД МИЧИГАН ШТАТЫНАН АҚШ СЕНАТЫНЫҢ САЙЛАУЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТІП, КОНГРЕСТІҢ ЖОҒАРҒЫ ПАЛАТАСЫНА САЙЛАНҒАН ТҰҢҒЫШ МҰСЫЛМАН АТАНДЫ.**

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢ:

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІКТІ КАДРЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің алдағы даму бағытына қатысты маңызды міндеттер белгіленді. Әсіресе, инфрақұрылымды жаңарту, көлік және логистика саласын дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен қолдану мәселелеріне баса назар аударылды. Бұл бастамалардың азаматтық авиация саласына да тікелей қатысы бар болғандықтан, Азаматтық авиация академиясының академиялық қызмет жөніндегі проректоры Қайрат Жақыповтың пікірін сұрадық.



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ

– Қазақстан Еуропа мен Азияның арасындағы маңызды әуе жолдарының торабында орналасқан. Еліміздің осы мүмкіндігін тиімді пайдалану үшін әуежайларды дамыту, әуе қатынасын кеңейту, жолаушылар мен жүк тасымалының сапасын арттыру қажет. Алайда, жаңа әуежайлар мен заманауи техниканың болуы өз алдына, оларды қауіпсіз әрі тиімді басқаратын білікті мамандардың жеткілікті болуы да аса маңызды.

Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің инфрақұрылымын кең көлемде жаңғыртуға бағытталған «Халықтық құрылыс» бағдарламасына тоқталды. Бұл бастама жаңа нысандар салумен бірге, қолданыстағы ғимараттар мен инженерлік жүйелерді жаңартудың маңызын көрсетеді. Мұндай жұмыстардың нәтижелі болуы үшін құрылыс пен технологиялық жаңаруды мамандар даярлау ісімен қатар алып жүру қажет.

Бұл мәселе жоғары оқу орындарына да қатысты. Мәселен, Азаматтық авиация академиясының оқу ғимараттарын, зертханалары мен оқу-жаттығу базасын жаңарту, заманауи тренажерлармен жабдықтау, студенттердің тәжірибелік сабақтарына қолайлы жағдай жасау – бүгінгі күннің маңызды қажеттіліктерінің бірі. Өйткені, авиация маманын тек дәрісханада оқытып шығару мүмкін емес. Болашақ ұшқыш, авиация инженері немесе әуе қозғалысын ұйымдастыру маманы алған білімін іс жүзінде қолдана білуі тиіс.

Авиациялық білім берудің басқа салалардан ерекшелігі де осында. Мұнда әрбір маманның кәсіби дайындығына жоғары талап қойылады. Теориялық білім, тәжірибелік машық, ұшу және тренажерлық даярлық бірін-бірі толықтырып отыруы қажет. Ең бастысы, болашақ маманның бойында жауапкершілік пен қауіпсіздік мәдениеті қалыптасуы тиіс. Себебі, авиацияда қабылданған әрбір шешім адам өмірі мен ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Сондықтан, салаға қажетті кадрларды даярлау ісінде мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының және авиациялық кәсіпорындардың өзара байланысы ерекше мәнге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің азаматтық авиацияны дамыту бағытындағы жұмыстары мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім мен ғылым саласындағы бастамалары өзара сабақтасып жатыр. Ал, Азаматтық авиация академиясы үшін осы бағыттарды оқу бағдарламалары мен тәжірибелік даярлықта ұштастыру маңызды, – деп санайды Қайрат Жақыпов.

Қайрат Болатұлының айтуынша, бүгінде Академияда білім беру бағдарламаларын жаңарту, студенттердің өндірістік тәжірибесін жетілдіру, шетелдік жоғары оқу орындарымен және авиациялық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Басты мақсат – студенттің оқу барысында алған білімін болашақ қызметінде еркін қолдана алатын, саланың өзгеріп отыратын талаптарына бейім маман болып қалыптасуына жағдай жасау.

– Авиацияның дамуы жаңа технологиялармен де тығыз байланысты. Жасанды интеллект, цифрлық басқару жүйелері, ұшқышсыз ұшу аппараттары бүгінде саланың жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Мұндай өзгерістер жоғары оқу орындарынан білім беру мазмұнын үнемі жетілдіруді ғана емес, ғылыми зерттеулерге де көбірек көңіл бөлуді талап етеді. Осы бағытта Академияда авиациялық зерттеулерді дамытуға, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға мән беріліп келеді. Студенттерді ғылыми жобаларға тарту, оқытушылардың зерттеу жұмыстарын авиациялық кәсіпорындардың нақты міндеттерімен байланыстыру және алынған нәтижелерді оқу үдерісінде пайдалану болашақ мамандардың кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Бұл отандық авиация ғылымының дамуына да өз үлесін қосады, – дейді Қайрат Жақыпов.

Сарапшының ойынша, Президент Жолдауында айтылған инфрақұрылымдық және технологиялық жаңару міндеттерін жүзеге асыруда адам капиталының орны ерекше.

– Жаңа нысан салуға, заманауи техника сатып алуға болады. Бірақ, сол техниканы меңгеріп, оны қауіпсіз пайдалана білетін маман даярлау уақытты, тұрақты еңбекті және сапалы білім беруді қажет етеді. Сондықтан, азаматтық авиацияның келешегін тек әуежайлар мен әуе кемелерінің санымен өлшеуге болмайды. Оның дамуы ең алдымен осы салада еңбек ететін адамдардың біліміне, шеберлігіне және жауапкершілігіне байланысты. Авиациялық білім мен ғылымды дамытуға, оқу базасын жетілдіруге және өндіріс орындарымен байланысты күшейтуге көңіл бөлу – еліміздің көлік-логистикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге қосылатын нақты үлес, – деп өз ойын қорытты Қайрат Болатұлы.

Қали ҚАМБАРОВ

ЕЛІМІЗДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ БАЛЛОНДАРЫНА МІНДЕТТІ ТАҢБАЛАУ ЕНГІЗІЛЕ МЕ?



Қазақстанда сұйытылған мұнай газын сататын тұрмыстық баллондарға міндетті таңбалау енгізу жоспарланып отыр. Жаңа талап 2027 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енуі мүмкін. Энергетика министрлігі тиісті бұйрық жобасын әзірлеген.

Бұйрық жобасында газ баллондарына салынатын сәйкестендіру құралдарының, яғни таңбалау кодтарының ең жоғары бағасын белгілеу көзделген. Бұл ретте мемлекет, бизнес және халық мүдделерінің теңгерімін сақтау ескерілген.

Сонымен қатар, жаңа талап сұйытылған мұнай газының тұрмыстық баллондардағы айналымын цифрлық бақылауға мүмкіндік бермек. Алайда, құжатқа берілген түсіндірме кестеде таңбалаудың нақты құны көрсетілмеген.

Бұйрық жобасы қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» порталында жарияланған. Талқылау 18 қарашаға дейін жалғасады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа кезеңнің басым бағыттарын айқындайтын маңызды стратегиялық құжат болып табылады. Бұл Жолдаудың басты ерекшелігі – саяси жаңғыру нәтижелерін нақты экономикалық жетістіктермен ұштастырып, мемлекет дамуының негізгі өлшемі ретінде халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын алдыңғы орынға қоюында.



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ

ЖОЛДАУ – 2026:

МЕЖЕНІ ІС АЙҚЫНДАЙДЫ

Жаңа Конституцияның күшіне енуі және Құрылтайдың өз жұмысын бастауы елдегі саяси өзгерістердің жаңа кезеңге өткенін көрсетеді. Осы тұста Мемлекет басшысының «Ел өміріндегі тарихи өзгерістердің барлығы халықтың көз алдында болып жатыр... көп сөз айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын» деген сөзі ерекше мәнге ие. Бұл – саяси реформалардың мәні қабылданған шешімдермен ғана емес, олардың қоғам өміріне тигізетін нақты әсерімен бағалануы тиіс деген ұстанымның көрінісі.

Меніңше, Жолдаудың негізгі идеясы да осында: мемлекеттік саясаттың тиімділігі ең алдымен азаматтардың күнделікті тұрмысындағы оң өзгерістермен, әлеуметтік әділеттіліктің нығаюымен және экономикалық мүмкіндіктердің кеңеюімен өлшенуі керек. Демек, ендігі басты міндет – жүзеге асырылған саяси реформаларды халықтың өмір сапасын жақсартатын нақты нәтижелерге айналдыру.

Жолдаудың тұжырымдамалық өзегі – «Халықтық құрылыс» бағдарламасы. 2029 жылға дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бөлініп, өңірлерде 70-ке жуық медициналық, 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет нысаны салынады. Мұнда менің ойымша, институционалдық тұрғыдан маңызды бетбұрыс бар. Ұлттық қор ұзақ уақыт бойы «қара күнге» арналған, қол тигізуге болмайтын резерв ретінде қабылданып келді. Енді ол дамуды қаржыландыратын құралға айналады. Президент бұл шешімді ұрпақтар алдындағы жауапкершілікпен байланыстырады және оған айқын шарт қояды: «жұмсалған ақшаның экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы қажет», сондай-ақ «Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды». Бұл шарттарды дұрыс деп санаймын. Дегенмен, саяси тәжірибеден білетініміздей, ауқымды құрылыс бағдарламаларының ең осал тұсы – іске асыру кезеңі. Сондықтан, бағдарламаның табысы әр жобаның құны, мердігері және мерзімі қоғамға қаншалықты ашық болатынына тікелей байланысты.

Кәсіпкерлікке қатысты бөлім – Жолдаудағы ең нақты әрі ең батыл бөлігі. Президент бақылау жүйесіндегі қайшылықты статистикамен көрсетті: заң бұзушылықтар 34%-ға азайғанымен, айыппұлдар шамамен 11%-ға өсіп, жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген. Бұдан шығатын қорытынды да анық тұжырымдалды: «Бизнеске «кедергі келтірмеудің» өзі үлкен көмек». Тексерістерге үш жылдық мораторий енгізуді талқылау, экономикалық баптарды декриминализациялау және мемлекеттік сатып алудың бір бөлігін шағын және орта бизнеске қалдыру сияқты ұсыныстарды кәсіпкерлер көптен бері күтіп жүрген еді. Мемлекет басшысының «бизнеске қолдан заңсыз тосқауыл жасау... мемлекетке қарсы жасалған қылмыс» деген бағасы бюрократияға бағытталған айқын саяси сигнал деп ойлаймын. Әрине, бұл сигналдың өңірлерде қаншалықты орындалатынын уақыт көрсетеді.

Салық саясаты бойынша Президенттің ұстанымы прагматикалық әрі әділдік қағидасына негізделген. «Салық кодексі қатып қалған қағида не қасиетті кітап сөзі емес» деген сөз реформаның қателіктерін мойындап, оны түзетуге дайын екенін көрсетеді. Мұны мемлекеттік басқарудың жетілуі деп бағалаймын. Ал, «бай-бағландарға арналған жоғары салық мөлшерлемесін» талқылау ұсынысы, әлеуметтік көмекті нақтылау реформасының саяси теңгерімі ретінде ұсынылып отыр. Сонымен бірге Президенттің «ешкім заңды түрде тапқан активке... шектеу қойғалы жатқан жоқ» деген кепілі инвесторлар үшін маңызды тұрақтылық белгісі. Бұл бастаманың нақты параметрлері әлі айқындалмаған, сондықтан оны жіті бақылау қажет.

Цифрландыру тақырыбында ең алдымен Президенттің сыни көзқарасы назар аудартады: «әзірге нақты іске қарағанда құрғақ сөз көп. Цифрландыру ісі қолданыстағы үдерістерді автоматтандырудан ары аса алмай отыр».

Мемлекет басшысының өз деңгейінен мұндай баға беруі саладағы басқарушыларға тікелей ескерту. Жолдауда ұсынылған «халықтық цифрлық экономика» ұғымы, меніңше, жаңа әрі мазмұнды тұжырымдама. Бұрынғы басымдық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі болса, енді мақсат – цифрлық технологияларды азаматтардың табыс көзіне айналдыру. Президенттің «смартфондар... уақытты зая өткізетін қымбат ойыншық емес, тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құралға айналуға тиіс» деген сөзі осы ойды нақты жеткізеді. Бұл тәсіл ауылдағы жұмыссыздық пен өңірлік теңсіздік мәселесін шешуге ықпал етуі мүмкін. Бірақ, ол үшін цифрлық жұмыспен қамтудың құқықтық режимі жай декларация болып қалмай, қарапайым әрі түсінікті болуы шарт.

Әлеуметтік сала, яғни денсаулық сақтау мен білім беру, Жолдауда демографиялық шындыққа негізделген. Елімізде жеті миллионға жуық бала бар, бұл халықтың 34%-ы, ал жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді. Сегіз перинаталдық орталық пен жеті көпбейінді балалар ауруханасын салу, учаскелік медицина мамандарының жалақысын 40%-ға дейін көтеру және ең төменгі жалақыны 110 мың теңгеге дейін арттыру – осы демографиялық сұранысқа берілген жауап. Білім беру саласында Президент мұғалімдердің күнделікті мәселесін дөп басты: «Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын... цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр». Ұстаздың абыройын қорғау туралы талап та педагогтар қауымдастығының көптен айтып жүрген мәселесіне берілген жауап.

Жолдаудың әлеуметтік философиясына тұжырымда айқын көрінеді: «Әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз». Бұл ұстаныммен толық келісемін. Өйткені, ол азаматтарды тек мемлекеттік көмекке сүйенуге емес, олардың білім алуына, еңбек етуіне, кәсіби дамуына және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасауды көздейді. Алайда, мұндай өзгерістерді асықпай, жан-жақты ойластырып жүзеге асыру қажет. Президенттің өзі «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай» деп ескертуі бекер емес. Сондықтан, әлеуметтік көмекті нақты мұқтаж азаматтарға бағыттау реформасы алдымен сынақ ретінде жүргізіліп, оның нәтижелері ашық әрі нақты өлшемдер арқылы бағалануы тиіс. Әйтпесе, өзгерістердің ауыртпалығы ең алдымен әлеуметтік жағынан осал топтарға түсуі мүмкін.

Жалпы алғанда, 2026 жылғы Жолдауды амбициялы, прагматикалық және нақты өлшенетін бағдарлама деп бағалаймын. Оның басты артықшылықтары – мәселелердің ашық аталуы мен нақты мерзімдердің қойылуы. Ең басты тәуекелі – ауқымды бюджеттік инвестиция мен инфляцияны тежеу міндетінің арасындағы шиеленіс, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың іске асыру қабілеті. Жолдаудың тиімділігі таяудағы бірнеше айда тексеріледі: жыл соңына дейін «Халықтық құрылыс» жобаларының тізімі жариялануы, 2027 жылғы 1 қаңтардан жаңа жалақы өсімі енгізілуі, 1 маусымға дейін мемлекеттік басқару реформасының жоспары ұсынылуы керек. Президенттің «Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды» деген сөзі, менің ойымша, тек Үкіметке ғана емес, бүкіл қоғамға арналған. Енді бағаны құр сөз емес, атқарылған жұмыс береді.

Жанатбек ИШПЕКБАЕВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Ректор Аппаратының басшысы

ПАРАСАТТЫЛЫҚ – ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінің міндеті – кәсіби білімі терең, бәсекеге қабілетті маман даярлаумен ғана шектелмейді. Бүгінгі қоғамға жауапкершілігі жоғары, адамгершілік ұстанымы берік, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, академиялық адалдық пен жауапкершілікті өмірлік қағидасына айналдырған тұлғалар қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қабырғасында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру – тәрбие жұмысының маңызды бағыты әрі білім беру ұйымының қоғамдық миссиясын айқындайтын стратегиялық міндет.



Осы мақсатта ұйымдастырылған «Парасатты педагог – парасатты орта» атты апталық университеттің тәрбие жүйесіндегі маңызды бастамалардың біріне айналды. Апталықтың басты идеясы – парасаттылықты тек насихатталатын құндылық ретінде емес, күнделікті қарым-қатынастан, оқу үдерісінен, қоғамдық қызметтен және жеке жауапкершіліктен көрініс табатын өмірлік ұстаным ретінде қалыптастыру.

■ ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІ – УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Университеттің тарихи миссиясы мен тәрбиелік дәстүрінде қыздар білімін дамыту, олардың зияткерлік әлеуетін арттыру, ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру ерекше орын алады. Қыздар тәрбиесіне басымдық беру – тек тарихи сабақтастықтың көрінісі емес, сонымен қатар қоғамның рухани және мәдени дамуына бағытталған маңызды стратегиялық ұстаным.

Қыз баланың білімді, парасатты, мәдениетті, өз құқығы мен міндетін білетін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға болып қалыптасуы – ұлт болашағына салынған инвестиция. Сондықтан, университеттегі тәрбие жұмысы қыздардың кәсіби дамуына ғана емес, олардың көшбасшылық қабілеттерін, азаматтық белсенділігін, өзіндік көзқарасын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталады. Бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық тәрбиенің озық үлгілерін заманауи білім беру талаптарымен ұштастыра отырып, студент қыздардың тұлғалық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

■ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ: ПАРАСАТТЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НАҚТЫ ІСПЕН ҮНДЕСКЕН АПТАЛЫҚ

«Парасатты педагог – парасатты орта» апталығының мазмұны бес күнге жоспарланып, әр күн белгілі бір рухани-адамгершілік құндылыққа арналды. Іс-шаралардың негізгі ерекшелігі – студенттерді дайын ақпаратты қабылдаушы емес, университеттік мәдениетті қалыптастыруға тікелей қатысушы тұлға ретінде қарастыру.

26 қазан – Бірлік күні. Апталықтың алғашқы күні «Парасатты орта – ұлттық құндылық пен өзара құрметтен басталады» идеясына арналды. Күн аясында студенттердің қатысуымен сергіту жаттығулары ұйымдастырылып, университет кеңістігінде жағымды көңіл күй мен өзара ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға басымдық берілді. Сонымен қатар, студенттер мен курсант қыздардың қатысуымен өткен кездесулер бірлік пен сыйластықтың маңызын айқындады.

27 қазан – Ізгілік күні. Бұл күннің негізгі идеясы – ізгі қарым-қатынас, мейірімділік және айналаға жанашырлық таныту. Студенттер арасында өзара қолдау, құрмет, қамқорлық мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ізгілік ұғымы нақты әрекет арқылы көрініс тауып, әр адамның ортақ ортаға қосатын үлесі маңызды екені көрсетілді.

28 қазан – Жауапкершілік күні. Жауапкершілік – парасатты тұлғаның басты қасиеттерінің бірі. Күн аясында студенттердің өз әрекетіне, оқуына, қоғамдық міндеттеріне және университет өміріне деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды. Академиялық адалдық, тәртіп, үәдеге беріктік және азаматтық жауапкершілік мәселелері назарға алынды.

Басы. Жалғасы 6-бетте.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН 39 ЖАСТАҒЫ ӘСЕЛ ЖҰБАНЫШҚЫЗЫ ЖАНАСОВА ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ – КӨЛІК МИНИСТРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.**



Адам өмірі – ақ халатты абзал жанның ғана емес, тұтас медициналық жүйенің жауапкершілігі. Бір науқастың дер кезінде ем алуы, бір сәбидің аман дүниеге келуі, шалғай ауыл тұрғынының сапалы медициналық көмекке қол жеткізуі – денсаулық сақтау саласының шынайы нәтижесін көрсететін өлшемдер. Сондықтан, медицинадағы әрбір реформа, әрбір жаңа нысан мен ғылыми жаңалықтың түпкі мақсаты адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталуы тиіс. Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттер отандық медицинаның алдына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл ретте медициналық инфрақұрылымды жаңғыртумен қатар, білікті маман даярлау, ғылым мен тәжірибені ұштастыру, ауыл медицинасының әлеуетін арттыру да айрықша маңызға ие. Осы орайда С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің басқарма төрағасы – ректоры Марат Шорановпен сұхбаттасып, денсаулық сақтау саласының бүгінгі бағыт-бағдары мен медициналық білім берудің келешегі туралы әңгімелестік.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ – РЕКТОРЫ МАРАТ ШОРАНОВПЕН СҰХБАТ

■ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУ

– Марат Едігеұлы, Президент бастамалары отандық академиялық ғылымға қандай міндеттер жүктейді? Жаңа медициналық орталықтарды білікті кадрлармен қамтамасыз етуге медициналық жоғары оқу орындары қаншалықты дайын?

– Медицинада кез келген сандық көрсеткіштің артында адам тағдыры тұрады. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында медицина қауымдастығы үшін денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған бастамалардың орны ерекше. Бұл – медициналық көмектің сапасын түбегейлі жақсартуға, оның қолжетімділігін арттырып, әрбір қазақстандық отбасының қажеттілігіне жақындатуға берілген мүмкіндік. Елімізде 70-ке жуық денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың қатарында сегіз перинаталдық орталық, жаңа балалар ауруханалары, жедел жәрдем станциялары мен оңалту мекемелері бар. Қазақстан аумағының кеңдігін ескерсек, бұл – стратегиялық маңызы бар шешім. Дәрігерлер уақыттың қаншалықты маңызды екенін жақсы біледі. Көптеген ауруды емдеудің нәтижесі науқастың маманға қаншалықты жылдам жеткізілгеніне, нақты диагноз қойылып, қажетті көмектің дер кезінде көрсетілуіне байланысты. Мұндай жағдайда үлкен қала мен шалғай ауылдың арасындағы айырмашылықты шақырыммен емес, адам өмірімен өлшеуге тура келеді.

Өңірлердегі медициналық инфрақұрылымды дамыту осы алшақтықты біртіндеп азайтуға мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – адамның қай жерде тұратынына қарамастан, сапалы медициналық көмектің баршаға бірдей қолжетімді болуына жағдай жасау. Мемлекет басшысы айқындаған жоспарлар осы межеге жетуге нақты мүмкіндік береді. Біздің кәсіби қауымдастық үшін ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесінің де маңызы айрықша. Бүгінде елімізде жеті миллионға жуық бала бар, жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді. Сондықтан, ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен тиімді ұйымдастырылуы болашақ ұрпақтың денсаулығына тікелей әсер етеді. Жаңа перинаталдық орталықтар мен балалар ауруханалары ауруларды ерте диагностикалау, күрделі дерттерді емдеу, шала туған сәбилерді күтіп-баптау және медициналық оңалту мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл – бүгінде кейбір отбасыларды мамандандырылған медициналық көмек алу үшін шетелдік клиникаларға жүгінуге мәжбүр ететін мәселелерді шешуге де ықпал ететін маңызды қадам.

– 2026–2027 оқу жылында 2,4 мың студент қабылдапсыздар. Сол студенттердің бәрін жатақханамен қамти алдыңыздар ма? Осы жөнінде айта кетсеңіз.







– Біз үшін студентті университетке қабылдау оның сапалы білім алуына ғана емес, алаңсыз өмір сүруіне де жағдай жасау деген сөз. Сондықтан, жатақхана мәселесі оқу жылы басталған университеттің әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды бағыттарының бірі. 2026-2027 оқу жылында бакалавриатқа 2 405 студент қабылдадық. Биыл жатақханаға өтініш берген бірінші курс студенттерінің барлығын баспанамен қамтамасыз еттік. Яғни, бізге түскен сұраныстың бірде-бірі назардан тыс қалған жоқ.

Бұл нәтижеге жету үшін соңғы жылдары жатақхана қорын ұлғайтуға басымдық беріп келеміз. Мәселен, 2024 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 420 орындық жаңа жатақхана пайдалануға берілді. Бұл студенттеріміз үшін олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған нақты қадам. Қазіргі таңда университеттің жатақхана қоры тоғыз ғимараттан тұрады. Жалпы сыйымдылығы – 3 452 орын. Оның сегізі университеттің меншігінде болса, біреуі жалға алынған. Алдағы уақытта да студенттердің тұру жағдайын жақсарту, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Жатақханадан орын бөлу үдерісінің ашықтығына да ерекше мән береміз. Бұл жұмыс Platonus ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау барысында әлеуметтік жағдайы ескеріледі. Атап айтқанда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастарға, мүгедектігі бар студенттерге, көпбалалы отбасылардан шыққан және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға басымдық беріледі. Әсіресе, шалғай өңірлерден Алматыға арман қуып келген жастар үшін баспана мәселесінің шешілуі аса маңызды. Біз әр студенттің университет табалдырығын алаңсыз аттап, бар күш-жігерін білімге арнауына мүмкіндік жасауды басты міндетіміз деп санаймыз.

■ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – БІЛІМ САПАСЫ МЕН РЕЙТИНГТІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

– Университеттің шетелдің жетекші білім ордаларымен байланысы қандай? Қарым-қатынастар оңтайлы жолға қойылған ба?

– Шетелдік жетекші білім ордаларымен ынтымақтастығымыз жүйелі жолға қойылған. Бүгінде бұл байланыс білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу, ғылыми зерттеулер жүргізу, оқытушылар мен студенттердің тәжірибе алмасуы бағыттарында дамып келеді. Әсіресе, медицина саласында әлемдік тәжірибені игеріп, оны отандық білім мен ғылымның қажеттілігіне бейімдеу аса маңызды. Мәселен, Польшаның Люблин медицина университетімен көп жылдан бері әріптестік орнатып келеміз. Осы ынтымақтастық аясында польшалық ғалымдардың жетекшілігімен оннан астам PhD маманы даярланды. Оқытушыларымыз бен зерттеушілеріміз Erasmus+ бағдарламасы арқылы тәжірибе алмасып, дәрілік өсімдіктерді, олардың құрамындағы белсенді заттарды және жаңа дәрілік өнімдер әзірлеу мүмкіндіктерін бірлесіп зерттеуде.

Білім беру бағытында да нақты нәтижелер бар. Қазіргі уақытта университетте үш бірлескен және төрт қос дипломды бағдарлама жүзеге асырылады. Соның ішінде АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының Орталық Азиядағы өкілдігімен қолданбалы эпидемиология бағдарламасы, ал польшалық әріптестермен фармацевтикалық косметология бағдарламасы іске асырылуда. Мұндай бастамалар халықаралық тәжірибені меңгерумен қатар, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне қажетті білікті мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Университетіміздің халықаралық ортасы да кеңейіп келеді. Оқу жылының басындағы мәлімет бойынша, мұнда әлемнің 38 елінен келген 1 919 студент білім алуда. Бұл – шетелдік жастардың біздің білім беру жүйесіне деген сенімінің көрінісі әрі университетке жүктелген жауапкершілік.

Біздің мақсатымыз – халықаралық байланыстардың санын арттыру ғана емес, оның нақты нәтижесін көрсету. Шетелде тәжірибе жинаған оқытушы оны білім беру үдерісіне енгізсе, жас ғалымның бірлескен зерттеуі ғылымның дамуына ықпал етсе, мұның бәрі университеттің ортақ жетістігіне айналады. Ең бастысы, әлемдік тәжірибе білім сапасына, ғылыми әлеуетімізге және болашақта пациентке көрсетілетін медициналық көмектің деңгейіне оң әсер етуі тиіс. Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі мәні де осында.

– Рейтинг – бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші. Соңғы жылдар белесінде университеттің бұл тұрғыдағы көрсеткіштеріне тоқталып өтсеңіз.

– Университетіміз үшін биылғы жылдың маңызды жаңалықтарының бірі алғаш рет Times Higher Education World University Rankings 2027 халықаралық рейтингіне еніп, 1201-1400 орындар аралығынан көрінуі. Сонымен қатар, рейтингке енген Қазақстанның он жоғары оқу орны арасында екінші орынға ие болдық. Бұл – бүкіл ұжымның ортақ еңбегіне берілген баға деп білемін. Бұдан бөлек, биыл университетіміз Times Higher Education World University Rankings by Subject пәндік рейтингісіне де қатысып отыр. Бұл бағалау медициналық білім мен ғылым саласындағы халықаралық орнымызды айқындауға мүмкіндік береді. Қорытындысын жыл соңында немесе 2027 жылдың басында күтеміз.

Басқа халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштеріміз де бар. QS World University Rankings 2026 рейтингінде 1001-1200 орындар аралығындамыз. QS Asia 2026 қорытындысы бойынша Азияда 371-орынды бөлісіп, Орталық Азияда 24-орынға жайғастық. Ал, QS Stars бағалау жүйесінде университетіміз бес жұлдызға ие болды. Ұлттық деңгейдегі нәтижелеріміз де көңіл қуантады. «Атамекен» Қазақстан Республикасы университеттерінің білім беру бағдарламалары рейтингінде 2026 жылы «Жалпы медицина», «Мейірбике ісі» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» бағдарламалары бірінші орын алды. Түлектеріміздің жұмысқа орналасу көрсеткіші 99,3 пайызды құрайды. Әрине, мұндай жетістіктердің артында үлкен еңбек жатыр. ҚазҰМУ – елімізде дәрігер даярлау мен медициналық ғылымның қалыптасуына үлес қосқан білім ордасы. Бүгінгі нәтижелер бірнеше буын ұстаздың еңбегі мен қалыптасқан дәстүрдің жалғасы.

Рейтингтегі орындар біз үшін маңызды болғанымен, басты мақсатымыз тек жоғары көрсеткішке қол жеткізу емес. Ең әуелі студенттерге сапалы білім беріп, ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеріп, білікті мамандар даярлауымыз қажет. Өйткені, университеттің абыройы оның түлегінің білімімен, кәсіби біліктілігімен және қоғамға қосқан үлесімен өлшенеді. Бұл жетістіктер ұжымға үлкен серпін береді. Сонымен бірге алдағы міндеттерімізді де айқындай түседі. Біз бүгінгі нәтижені жаңа белеске бастайтын мүмкіндік деп қабылдап, университеттің білім мен ғылымдағы әлеуетін одан әрі арттыруға күш саламыз.

– Бүгінде денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы білікті маманға тікелей байланысты. Қазіргі медициналық білім берудің басты мәселесі не деп ойлайсыз? Бүгінгі студентті диплом алған маман емес, күрделі шешім қабылдай алатын білікті дәрігер етіп қалыптастыру үшін қандай өзгерістер қажет?

– Медициналық білім берудегі ең басты мәселе – диплом алған маманның теориялық білімін тәжірибеде қаншалықты дұрыс қолдана алатыны. Өйткені, дәрігердің кәсіби деңгейі жаттаған мәліметімен емес, науқастың жағдайын дұрыс бағалап, уақытылы әрі негізді шешім қабылдай білуімен өлшенеді. Сондықтан, біздің міндетіміз – клиникалық ойлауы қалыптасқан, өз шешіміне жауап бере алатын дәрігер даярлау.

Науқастың жағдайы оқулықтағы сипаттамаға үнемі сәйкес келе бермейді. Кейде бірнеше ауру қатар жүреді, кейбір белгілер бірден байқалмайды, ал шешім қабылдауға уақыт шектеулі болады. Мұндай сәтте дәрігер барлық мәліметті саралап, ықтимал қауіптерді бағалап, дұрыс қорытынды жасай білуі керек. Клиникалық ойлау дегеніміз – осы. Оны қалыптастыру үшін практикалық дайындықты алғашқы курстардан бастаған жөн. Осы мақсатта университетімізде студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге ерекше мән береміз. Симуляциялық орталықта олар түрлі медициналық жағдайларды модельдеп, клиникалық әрекеттерді бірнеше рет қайталап үйреді. Ең маңыздысы – студент өз қателігін көріп, оның себебін түсініп, әрекетін түзетуге мүмкіндік алады. Білімді бағалау да нақты дағдыға негізделуі тиіс. Осы ретте объективті құрылымдалған клиникалық емтихан арқылы студенттің теориялық дайындығымен қатар, медициналық әрекеттерді орындау қабілетін тексереміз. Қажетті практикалық дағдыларды меңгермеген білім алушы қосымша дайындықтан өтеді. Себебі, пациенттің денсаулығына қатысты жауапкершілікке немқұрайды қарауға болмайды.

Келесі маңызды кезең – клиникалық тәжірибе. Қазіргі уақытта студенттеріміз 183 клиникалық базада білімін тәжірибемен ұштастырады. Олардың қатарында «Ақсай» университеттік клиникасы, Ішкі аурулар орталығы және Профессорлық клиника – Алғашқы медициналық-санитарлық көмек және диагностика орталығы бар. Мұнда болашақ дәрігерлер аурудың барысын бақылап, диагноз қою, ем таңдау және оның нәтижесін бағалау үдерістерімен танысады. Әрине, бұл жерде тәжірибелі дәрігерлердің тәлімгерлік қызметі айрықша маңызды. Студент ұстазының әрбір шешімінің себебін түсініп, өз ойын дәлелдеуге, кәсіби пікір айтуға үйренуі керек. Сондықтан, клиникалық оқытудың сапасы тек тәжірибе базаларына емес, сол жерде білім беретін мамандардың біліктілігі мен тәлімгерлік шеберлігіне де байланысты. Дәрігер даярлауда кәсіби біліммен қатар, адаммен қарым-қатынас мәдениетіне де мән беру қажет. Науқасты мұқият тыңдау, жағдайын түсінікті тілмен жеткізу, емдеу жолдарын бірге талқылау – дәрігерге деген сенімнің негізі. Медицинада сенім мен жанашырлықтың орны ерекше. Сонымен бірге болашақ маман ғылыми ақпаратты саралап, жаңа зерттеулердің нәтижесін дұрыс бағалай білуі тиіс. Себебі, медицина үнемі дамып келеді. Университет қабырғасынан шыққаннан кейін де дәрігер өз білімін үздіксіз толықтырып, кәсіби ізденісін тоқтатпауы керек. Түптеп келгенде, біз студентке дайын білімді ғана беріп қоймай, оны ойлануға, талдауға, шешім қабылдауға және сол шешіміне жауап беруге үйретуіміз қажет. Өйткені, медицинаның ортасында технология да, ғылыми жаңалық та болғанымен, ең басты орында адам өмірі мен денсаулығы тұрады. Біз даярлаған әрбір түлек осы жауапкершілікті терең сезінетін маман болуы керек.

■ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ДӘРІГЕРДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

– Жасанды интеллект медицинаға дендеп еніп келеді. Сіздіңше, жасанды интеллект дәрігердің жұмысын қаншалықты өзгертеді? Ең бастысы, технология мен дәрігердің кәсіби жауапкершілігінің арасындағы шекара қалай сақталуы керек?

– Жасанды интеллект медицинаның даму бағытын өзгертіп қана қоймай, дәрігердің күнделікті жұмыс тәсіліне де елеулі ықпал етеді. Бүгінде зертханалық нәтижелерді, медициналық кескіндерді, науқастың ауру тарихын және ғылыми деректерді талдауға мүмкіндік беретін цифрлық құралдар көбейіп келеді. Мұның бәрі дәрігердің уақытын үнемдеп, ақпаратты жылдам саралауына көмектеседі. Меніңше, осы технологиялардың ең үлкен пайдасы – дәрігердің қағазбен және деректермен өткізетін уақытын қысқартып, пациентпен тікелей жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беруінде.

Дегенмен, бір мәселені нақты түсінуіміз керек: жасанды интеллект дәрігердің көмекшісі болғанымен, оның орнына шешім қабылдай алмайды. Алгоритм ұсынған қорытындыны науқастың жеке жағдайымен салыстыру, қосымша ауруларын, бұрынғы емге реакциясын, денсаулық ерекшеліктерін ескеру – маманның міндеті. «Жасанды интеллект осылай ұсынды» деген уәж кәсіби жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан, дәрігер өзі қолданатын жүйенің мүмкіндігін де, шектеуін де білуі тиіс. Сонымен бірге медициналық мәліметтердің құпиялығы мен қауіпсіздігі қатаң сақталуы қажет. Біз университетте осы ұстанымды білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына енгізіп келеміз.

Мемлекет басшысының АҚШ-қа сапары барысында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум негізінде Қазақстанның білім беру жүйесіне ChatGPT Edu платформасын енгізуге мүмкіндік туды. Үкімет бастамасы аясында Ғылым және жоғары білім министрлігі арқылы университетімізге осы платформаны пайдалануға арналған 1 700 лицензия бөлінді. Қазіргі уақытта қызметкерлеріміздің басым бөлігі жүйеге қосылып, оның мүмкіндіктерін оқу үдерісі мен ғылыми жұмыстарда қолдануда. Мәселен, оқытушылар дәріс материалдарын, тест тапсырмаларын, презентациялар мен клиникалық жағдаяттарды әзірлеуде, студенттер күрделі тақырыптарды кезең-кезеңімен меңгеріп, білімін өздігінен тексеруде пайдалана алады. Ал, зерттеушілер ғылыми әдебиеттерді жүйелеуге, құжаттар мен кестелерді талдауға, зерттеу нәтижелерін көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік алады. Осы бағыттағы жұмыстарды жеке құралдарды пайдаланумен шектемей, университеттің тұтас ғылыми инфрақұрылымымен байланыстырып отырмыз. Соның бір көрінісі – зерттеу платформаларын, ғылыми порталды, мақала мен диссертация әзірлеу құралдарын, биоэтикалық сараптама үдерісін және университет журналдарын біріктіретін SCIENCES.KZ цифрлық ғылыми экожүйесі. Оның құрамындағы KazNMU Research Intelligence ғылыми нәтижелерді, жобаларды, зерттеу топтары мен қаржыландыру туралы мәліметтерді өзара байланыстыра талдауға арналған. Ал, GX10 құрылғысында жергілікті іске қосылған жасанды интеллект негізіндегі ANaMed AI корпоративтік платформасы құжаттармен, кестелермен жұмыс істеуге, дереккөздері көрсетілген ақпаратты іздеуге және зерттеу материалдарын дайындауға көмектеседі. Күрделі тапсырмаларды бірнеше кезеңге бөліп орындайтын агенттер тобының жұмыс режимі де қарастырылған.

Нақты ғылыми ізденістерге арналған әзірлемелеріміз де бар. Мысалы, ANaMed BioAge платформасында 67 тіркеу орталығынан жиналған 6 720 қатысушының деректері қамтылған. Бұл жүйе биологиялық қартаюды зерттеуге, клиникалық, метаболизмдік, теломерлік және эпигенетикалық көрсеткіштерді салыстыруға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту модельдері де эксперименттік негізде әзірленіп, олардың сипаттамасы мен сапасын бағалау көрсеткіштері ұсынылады. Ал, «Қазақстан Халық денсаулығы» платформасы жарияланған статистикалық мәліметтер негізінде өңірлердегі аурушаңдық пен демографиялық өзгерістерді талдауға, нәтижелерді графиктер мен карталар түрінде көрсетуге бағытталған. Мұндай құралдар денсаулық сақтау саласындағы деректерді тереңірек зерделеп, зерттеу жұмыстарының сапасын арттыруға жол ашады. Ғылыми еңбектерді әзірлеу мен сараптау үдерісін де цифрландырудамыз. KazNMU Manuscript Lab зерттеу түріне сәйкес халықаралық есептілік стандартын таңдауға, ғылыми мақаланың құрылымын, кестелері мен суреттерін дайындауға көмектеседі. Диссертацияларды тексеру сервисі жұмыстың рәсімделуін, құрылымын, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің, нәтижелері мен қорытындыларының өзара сәйкестігін талдайды. Оның негізінде сарапшының қарауына арналған ескертулер мен сұрақтар қалыптастырылады. Сонымен бірге ғылыми жұмыстағы этикалық талаптардың сақталуы ерекше назарда. Биоэтика комиссиясының электрондық порталы өтінім беруді, құжаттарды жүктеуді, ескертулер алмасуды және сараптаманың барысын бақылауды жеңілдетеді. Алайда, зерттеудің ғылыми және этикалық тұрғыдан негізділігін бағалап, түпкілікті шешім қабылдау комиссия мүшелерінің құзыретінде қалады. Бұл – технология мүмкіндігін пайдалана отырып, адам жауапкершілігін сақтаудың нақты үлгісі.

Күнделікті жұмысымызда AnaMed Info ассистенті де қолданылады. Ол университеттің ресми ақпаратын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынып, жауаптарын тиісті құжаттарға сілтемемен негіздейді. Бұған қоса, университет ғимараттары мен инфрақұрылымын қашықтан танып-білуге арналған интерактивті 3D-кампус әзірленген. Әрине, осындай мүмкіндіктерді болашақ дәрігерлердің де дұрыс меңгергені маңызды. Біз студенттерді технологияны жай ғана пайдалануға емес, оның ұсынған мәліметін саралауға, күмәнді тұстарын тексеруге, өз бетінше қорытынды жасауға үйретуіміз керек.

Менің ұстанымым – жасанды интеллект дәрігердің орнын алмастырмауы тиіс, керісінше, оның кәсіби мүмкіндігін кеңейтуі керек. Технология ақпаратты талдай алады, деректерді салыстырады, ықтимал шешімдерді ұсынады. Бірақ, науқастың жанын түсіну, жағдайын бағалау, емдеу жолын таңдау және қабылдаған шешіміне жауап беру – дәрігердің міндеті. Медицинада адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ. Сондықтан, цифрлық дәуірде де терең білім, клиникалық ойлау, кәсіби адалдық пен адамға деген жанашырлық басты құндылық болып қала береді.

– Марат Едігеұлы, әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен: Индира БІРЖАНСАЛ

СҰХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ

2026 жылғы 30–31 қазанда Almaty Management University-де (AlmaU) «Болашақ университеті – тұтас тұлғаны қалыптастыру ортасы: Ұлы дала мұрасы және заманауи шешімдер» тақырыбындағы TOLYQ ADAM–2026 халықаралық конференциясы өтті. Іс-шара зерттеушілерді, университет басшыларын және халықаралық сарапшыларды біріктіріп, болашақ білім берудің қандай болуы керектігін, сондай-ақ оның дамуында Қазақстанның философиялық мұрасы, Ұлы дала тәжірибесі мен заманауи білім беру тәсілдері қандай рөл атқара алатынын талқылауға мүмкіндік берді. Конференцияны AlmaU-дың School of Social Sciences and Transformative Humanities мектебі мен Tolyq Adam Institute ұйымдастырды.

ALMAU-ДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ:

«TOLYQ ADAM-2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Талқылаудың негізгі өзегіне университеттің миссиясы кәсіби білім берумен және мамандар даярлаумен ғана шектелмейтіні туралы идея айналды. Жоғары білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – студенттердің дербес ойлауын, адамгершілік жауапкершілігін, диалог құру қабілетін және қоғам өміріне саналы түрде қатысуын дамытуға жағдай жасау.

Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары **Акерке Абылайхан** өз сөзінде:

«Университеттің міндеті – тек сапалы білім беру ғана емес, сонымен қатар жауапкершілігі жоғары, адамгершілік құндылықтарды ұстанатын және әлеуметтік тұрғыдан кемел тұлғаларды тәрбиелеу. Зияткерлік даму адамның эмоционалдық және тұлғалық дамуымен қатар жүруі тиіс. AlmaU-дың THE Awards Asia 2026 халықаралық сыйлығының жеңімпаз атануы – университеттің ізгілендіруге негізделген білім беру ұстанымының айқын дәлелі. Абай философиясындағы ең маңызды өсиеттердің бірі – адамзатты сүюді өмірлік басты ұстаным ету. Оның сөздері тек өткен дәуірдің ойтолғамдарын білдіріп қана қоймайды. Олар бүгінгі күні де әрқайсымызға тікелей үн қатып, білімнің мақсаты адамды тек жан-жақты білімді етіп қана қоймай, кәсіби білікті, жауапты әрі адамгершілігі мол тұлға ретінде қалыптастыру екенін еске салады», – деп атап өтті.

Конференцияның алғашқы күні заманауи білім берудің маңызды сұрақтарының біріне жауап іздеуге арналды: жасанды интеллект дәуірінде университет түлегі қандай адам болып қалыптасуы керек? Қатысушылар кәсіби құзыреттерді сыни ойлаумен, адамгершілік құндылықтармен және әлеуметтік жауапкершілікпен қалай ұштастыруға болатынын, сондай-ақ бұл үдерісте Абай философиясы мен Ұлы даланың зияткерлік мұрасы қандай орын алатынын талқылады.

«Білімді болу – тек көп білу ғана емес, сол білімді қоғам игілігіне жарата білу. Сондықтан университеттің міндеті – білім берумен ғана шектелмей, өз бетінше ойлай алатын, адамгершілік тұрғыдан дұрыс шешім қабылдайтын және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлғаны қалыптастыру», – деді AlmaU ректоры **Тимур Булдыбаев**.

AlmaU негізін қалаушы әрі президенті **Асылбек Кожахметов** Абайдың ақыл, жүрек және қайрат бірлігін дәріптейтін «Толық адам» тұжырымдамасына тоқталды.

«Біз технологиялар, жаңа мамандықтар мен болашақтың дағдылары туралы жиі айтамыз. Алайда, осы өзгерістердің артында ең басты сұрақ қалады: университет түлегі қандай адам болып қалыптасуы керек? Біз Абай философиясын кәсіби білім адамгершілік бағдарлармен, дербес ойлаумен және қоғам алдындағы жауапкершілікпен толықтырылатын білім беру моделінің негізі ретінде қарастырамыз», – деп атап өтті ол.

Осы философиялық идея AlmaU-да жүзеге асырылып келе жатқан, студенттердің жан-жақты дамуына бағытталған Tolyq Adam білім беру моделінің негізіне айналды.

Конференцияның негізгі баяндамасын Орталық Еуразия мен түркі-моңғол әлемінің тарихын зерттеуші, профессор **Joo-Yup Lee** ұсынды. Ол тұтас тұлға тұжырымдамасын түркі және қазақ көшпелі қоғамдарының тарихи контексінде қарастырып, болашақ адамына қатысты тың идеялардың қайнар көзі ретінде тарихи мұраға назар аударуды ұсынды.

«Көшпенділер жан-жақты дамыған, жауынгерлік, аңшылық, мал бағу және қолөнер шеберлігін қатар меңгерген тұлғалар болды. Үнемі тәжірибе жинақтау, тәртіп пен үздіксіз үйрену олардың кәсіби шеберлігін шыңдап, стратегиялық ойлау қабілетін дамытты әрі қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға үйретті. Мықты көшбасшылар мен оларға адал ізбасарлардың бірлігі арқасында қазақ халқы жеке ұлт ретінде қалыптасып, ғасырлар бойы өзінің болмысын, бірегейлігін және дербестігін сақтап қалды», – деп бөлісті ол.

Тарихи тақырыпты Париж-Нантер университетінің профессоры **Marie Favereau** жалғастырды. Ол онлайн форматта Алтын Орда мысалында өткен мен болашақтың өзара байланысына арналған баяндама жасады. Цюрих университетінің әлеуметтік және мәдени антропология профессоры **Peter Finke** «Даладағы әлеуметтік өмір: заманауи әлемге арналған үш сабақ» тақырыбында баяндама жасап, көшпелі қоғамдардың тәжірибесіне тоқталды.

Мәдени мұраның тұлға қалыптастырудағы ықпалы туралы AlmaU-дың Professor of Practice, мәдениеттанушы, философ, қазақ мифологиясы мен дәстүрлі мәдениетін зерттеуші, PhD дәрежесі бар профессор **Zira Nauryzbai** сөз сөйледі. Оның баяндамасы қазақ мәдениетіндегі тұлға қалыптастырудағы музыканың рөліне және Ұлы дала дүниетанымындағы музыкалық мұраның маңызына арналды.

Пікірталасқа сондай-ақ көшпелі педагогика мен жоғары білім берудің жаңа модельдерін зерттейтін Лондон өнер университетінің профессоры **Mark Ingham**; Орталық Азия тарихы мен өркениеті саласының маманы, Ұлттық шығыс тілдері мен өркениеттері институтының профессоры **Catherine Poujol**; сондай-ақ Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры **Ainash Mustoyapova** қатысты. Ол көшпелі өркениетті, тарихи жадты және қазақ бірегейлігін зерттейді.

Тарихи-философиялық талқылаудан кейін қатысушылар тұтас тұлға идеясын университеттік ортада іс жүзінде жүзеге асыру мәселелеріне көшті.

AlmaU-дың білім беру моделін университеттің School of Social Sciences and Transformative Humanities мектебінің деканы **Айжан Сапаргалиева** таныстырды.

«Tolyq Adam білім беру бағдарламасы AlmaU-да 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама Абайдың философиялық мұрасын заманауи білім беру әдістемелерімен ұштастырып, тұтас тұлғаны дамытуға бағытталған. 2026 жылы Tolyq Adam Times Higher Education Awards Asia халықаралық сыйлығының «Teaching and Learning Strategy of the Year» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. AlmaU Орталық Азияда бұл марапатқа ие болған алғашқы университет болды», – деп бөлісті ол.

Конференция аясындағы маңызды оқиғалардың бірі – «TOLYQ ADAM: A University Model for Whole-Person Education – Conceptual Foundations, Methodology, Evidence and Implementation» атты кітаптың тұсаукесері болды. Кітап авторлары – доктор **Айжан Сапаргалиева**, доктор **Альмира Табаева**, **Мария Шмидт**, доктор **Меруерт Сейдуманова** және медицина ғылымдарының кандидаты **Шолпан Сағатова**. Авторлар қазақстандық тұтас білім беру моделінің философиялық негіздерін, әдіснамасын және оны білім беру үдерісіне енгізу тәсілдерін таныстырды.

Қазақстандық модельді талқылаудан кейін қатысушылар халықаралық тәжірибеге назар аударып, әртүрлі елдердің университеттері адамзаттық құндылықтарды оқу бағдарламаларына қалай енгізетінін қарастырды.

Bard College жанындағы Жазу және ойлау институты (Institute for Writing and Thinking, IWT) директорының орынбасары әрі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын оқыту педагогикасы орталығының тең директоры **Michelle Hoffman** болашақ университетіндегі жазудың рөлін жаңаша пайымдауға арналған баяндамасын онлайн форматта ұсынды. Ол жазудың ойлауды дамыту мен саналы оқуға ықпал ететін құрал ретіндегі маңызына тоқталды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының профессоры **Гүлнар Мұратбаева** болашақ мұғалімдерді дайындаудағы «Толық адам» тұжырымдамасының білім беру әлеуеті туралы айтты.

Гонконг педагогикалық университетінің (EdUHK) гуманитарлық ғылымдар факультеті деканының міндетін атқарушы әрі Білім беруді дамыту және инновациялар академиясының атқарушы тең директоры **Pamela Pui Wan Leung** студенттердің бойында құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін таныстырды.

Оқу бағдарламаларын реформалау тәжірибесімен Symbiosis халықаралық университетінің деканы, профессоры, Оңтүстік Азия және АСЕАН елдерімен халықаралық байланыстар мен әріптестікті дамыту бағытының жетекшісі доктор **Asmita Dani** бөлісті.

«Қазіргі әлемде цифрлық дағдыларды меңгеріп, жасанды интеллектіні қолдана білу жеткіліксіз. Сонымен қатар, эмоционалдық интеллектіні, эмпатияны және өзге адамдарды түсіне білу қабілетін дамыту аса маңызды. Білім беру үдерісі зияткерлік дамуды адамгершілік құндылықтармен, эмоционалдық кемелдікпен және қоғам алдындағы жауапкершілікпен ұштастыра отырып, жан-жақты дамыған тұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Технологиялар біздің мүмкіндіктеріміздің кеңейткенімен, оларды қалай пайдаланатынымызды айқындайтын – адамның бойындағы адами қасиеттер», – деп атап өтті ол.

Экс-Марсель университетінің философия профессоры әрі Жиль-Гастон Гранже орталығының директоры **Pascal Taranto** гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардағы инновациялар, сондай-ақ жасанды интеллект агенттерін де пайдаланатын LABΩ зерттеу платформасын дамыту туралы баяндады.

Этикалық көшбасшылық пен сыни ойлау мәселелерін Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Жүсіп Абдрахманов атындағы Мемлекеттік басқару академиясының Даму және инновациялар бөлімінің басшысы **Суран Рабаев** көтерді. Назарбаев Университетінің Кәсіпкерлік зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері және докторанты **Айгерім Тарбағатаева** Толық Адамның философиясына негізделген тұрақты болашақ үшін адамға бағытталған кәсіпкерлік тақырыбын ұсынды.

Талқылау гуманитарлық педагогика мен жасанды интеллектіні білім беруге интеграциялаудан бастап, университетаралық альянстарға, этикалық көшбасшылық пен тұрақты кәсіпкерлікке дейінгі бірнеше бағытты қамтыды. Қатысушылар үшін ортақ мәселе өзгеріссіз қалды: университеттік ортаны кәсіби дамумен қатар, тұлғалық қалыптасуға да ықпал ететін кеңістікке қалай айналдыруға болады?

31 қазанда конференция шеберлік сабақтары мен практикалық семинарлар форматында жалғасты. Қатысушылар құндылықтарға негізделген оқыту, TOLYQ ADAM әдіснамасы, жасанды интеллектіні білім беруде қолдану және тұтас тұлғаны дамыту мәселелерін талқылауды жалғастырды. Сонымен қатар, халықаралық академиялық ынтымақтастыққа және заманауи білім беру тәсілдерін университеттік ортаға іс жүзінде енгізуге ерекше назар аударылды.

TOLYQ ADAM–2026 конференциясы халықаралық академиялық диалогты нығайтуға және ұлттық зияткерлік мұраны, заманауи технологияларды әрі адамды жан-жақты дамыту құндылықтарын ұштастыратын білім беру модельдерін дамытуға бағытталған.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ



ПАРАСАТТЫЛЫҚ – ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Соңы. Басы 4-бетте.

29 қазан – Құрмет күні. Құрмет – парасатты ортаның негізгі өлшемі. Бұл күні білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, әр адамның жеке ерекшелігі мен пікіріне түсіністікпен қарау мәселелері кеңінен насихатталды. Әсіресе, инклюзивті мәдениет пен өзара қолдау қағидаттарына мән берілді.

30 қазан – Парасат күні. Апталықтың қорытынды күні парасаттылықтың мәнін терең түсінуге, оны күнделікті өмір салтына айналдыруға арналды. Күн аясында апталықтың негізгі идеялары қорытындыланып, студенттердің белсенділігі мен бастамаларына назар аударылды. Парасатты педагог пен парасатты ортаның өзара байланысы айқындалып, университеттің тәрбиелік миссиясындағы адамгершілік құндылықтардың орны тағы бір мәрте сараланды.

Осылайша, бес күнге жоспарланған іс-шаралар мазмұны бір-бірімен сабақтасып, бірлік, ізгілік, жауапкершілік, құрмет және парасат секілді құндылықтарды тұтас тәрбиелік жүйе ретінде ұсынды. Апталықтың басты нәтижесі – құндылықтарды сөз жүзінде дәріптеуден нақты іс-әрекет арқылы көрсетуге бағытталған орта қалыптастыру.



■ «ПАРАСАТТЫЛЫҚ МЕКТЕБІ» ЖӘНЕ «ПАРАСАТТЫ ҚЫЗДАР ҚҰРЫЛТАЙЫ» – ТҰРАҚТЫ ТӘРБИЕЛІК БАСТАМАЛАР

Апталық аясындағы маңызды бағыттардың бірі – парасаттылық құндылықтарын бір реттік іс-шаралар шеңберінен шығарып, тұрақты тәрбиелік жүйеге айналдыру. Осы тұрғыдан «Парасаттылық мектебі» мен «Парасатты қыздар құрылтайы» бастамаларының маңызы ерекше.

«Парасаттылық мектебі» – білім алушылардың бойында академиялық адалдық, азаматтық жауапкершілік, мәдени қарым-қатынас, көшбасшылық және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік алаң. Оның негізгі мақсаты – студенттерге парасаттылықтың теориялық мәнін түсіндіріп қана қоймай, оны өмірлік тәжірибеде қолдануға үйрету.

Ал, «Парасатты қыздар құрылтайы» – студент қыздардың өзекті мәселелерді талқылауына, бастамаларын ұсынуына, көшбасшылық әлеуетін дамытуына және ұлттық тәрбие құндылықтарын жаңғыртуға мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық-мәдени алаң. Бұл бастама қыздардың қоғамдық белсенділігін арттырып, олардың университет өміріне және қоғам дамуына араласуына жол ашады.

Аталған бастамалар университеттің қыздар тәрбиесіне қатысты тарихи дәстүрін жаңа мазмұнмен толықтырып, парасаттылықты ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын рухани құндылық ретінде орнықтыруға бағытталған.

■ ПАРАСАТТЫЛЫҚ – АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ МИССИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Парасаттылық мәдениеті – университеттің ішкі академиялық ортасының сапасын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Ол оқытушы мен студент арасындағы сенімге, өзара құрметке, әділ бағалауға, академиялық адалдыққа және кәсіби жауапкершілікке негізделеді.

Парасатты педагог – тек білім беруші маман емес, ол білім алушыға үлгі болатын, тұлғалық дамуына ықпал ететін, кәсіби этиканы сақтайтын және әділетті қарым-қатынас орната білетін тұлға. Ал, парасатты орта – әрбір адамның қадір-қасиеті бағаланатын, пікір алуандығы құрметтелетін, тең мүмкіндік пен инклюзивтілік қағидаттары сақталатын орта.

Осы тұрғыдан алғанда, «Парасатты педагог – парасатты орта» апталығы университеттің стратегиялық даму бағыттарымен де үндеседі. Себебі, заманауи университеттің бәсекеге қабілеттілігі тек білім сапасымен емес, оның қалыптастырған академиялық мәдениетімен, әлеуметтік жауапкершілігімен және қоғамдық сенімімен де өлшенеді.

Университеттің қоғамдық миссиясы – білімді маман даярлау ғана емес, қоғамға оң ықпал ететін, адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптастыру.

«Парасатты педагог – парасатты орта» апталығы университеттің тәрбие жұмысындағы маңызды мазмұндық әрі тәрбиелік бастама ретінде өз мақсатына бағытталды. Бес күн бойы ұйымдастырылған іс-шаралар студенттер мен оқытушыларды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіріп, парасаттылықтың күнделікті өмірдегі маңызын нақты істер арқылы көрсетуге мүмкіндік берді.

Апталықтың басты идеясы – парасаттылықты белгілі бір күнге немесе іс-шараға ғана тән ұғым ретінде емес, университеттің тұрақты мәдениеті мен әрбір қауымдастық мүшесінің өмірлік ұстанымы ретінде орнықтыру.

Бірлік бар жерде – ынтымақ, ізгілік бар жерде – мейірім, жауапкершілік бар жерде – сенім, құрмет бар жерде – мәдениет, ал парасат бар жерде – сапалы білім мен саналы тәрбие қалыптасады.

Парасатты педагог – парасатты ұрпақтың қалыптасуына ықпал етеді. Парасатты орта – сол ұрпақтың еркін дамуына жол ашады. Ал, парасаттылықты өмірлік қағидасына айналдырған университет – қоғамның рухани дамуына қызмет ететін білім ордасы.

Лаура ИСАЕВА,
Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы

Фарида ҚУАНТҚАНОВА,
Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар бойынша декан орынбасары

6-8 ҚАРАША АЛМАТЫДАҒЫ НАТАЛИЯ САЦ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРЫС БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТЕАТРЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН КЕЙІН КӨРЕРМЕНДЕРДІ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАЙДЫ.

Шам жаққан ғұмыр

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ-ЭНЕРГЕТИК ЖӘНЕ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ГАМИЛ ХОЖАҰЛЫ ХОЖИННІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА

Кейде адам тағдырының айқындалуын бір ғана оқиғаның ишарасы шешеді. 1959 жылдың күзі. Алматы. Мәскеу Бүкілодақтық политехникалық институттың сырттай бөлімінде кешкі сабақ жүріп жатса керек. Кенет оқу ғимаратының жарығы сөніп қалады. Аудиторияға кірген сырттай оқу бөлімінің проректоры Мұштай Батырбекұлы Батырбеков студенттерге жағдайды айтқанда, Василий Касьянов деген жолдасы: «Гамил, сен электриксің ғой, барып көмектессең қайтеді», – дейді. Жас жігіт ақауды тауып, қараңғы дәліз бен дәрісханаларға қайта жарық береді. Бұл жағдай бірнеше рет қайталанған соң, оныңептілігі мен жауапкершілігін аңғарған Мұштай Батырбекұлы оны Қазақ тау-кен металлургия институтына жұмысқа шақырады.

Сол күні жанған шам бір ғимараттың ішін ғана жарықтандырған шығар. Бірақ, әлгі шағын оқиға жас электриктің алдынан ғұмырлық жол ашты. Кейін ол бір сымның ақауын түзеген маман күйінде қалмай, Қазақстанның энергетикалық білім ордасында мыңдаған жастың санасына сәуле түсірген ғалымға, ұстазға, профессорға айналды. Гамил Хожаұлы Хожиннің тоқсан жылдық ғұмырына көз салғанда, адамды биікке көтеретін даңқтың даңғаза үні емес, күн сайын адал атқарылған еңбектің үнсіз қуаты екеніне тағы бір мәрте иланасың.





■ Профессор Хожин Г.Х., тарихшы Кабдушев Б.Ж. (Жақсымен жүздескен сәт).

Оның жолы дайын соқпақтан басталған жоқ. 1954 жылы Ақтөбе облысындағы Мәртүк қазақ орта мектебін бітірген бозбала бір жылдан кейін Ферғана техникалық училищесіне түсіп, 1957 жылы ауыл шаруашылығын электрлендіру және радиоландыру электромеханигі мамандығын үздік тамамдайды. Ол кезеңде ауылға тартылған әр бағана, әр электр желісі тұрмыстың ғана емес, тұтас қоғамның өзгеріп келе жатқанын аңғартатын. Жаңақала аудандық электр станциясындағы электромеханиктік қызмет, Алматыда электрик болып жұмыс істеуі жас маманға өндірістің тілін үйретті. Кейінгі ғылыми ойының табан тірер тұғыры да осы өмір мектебі болды.

1958 жылы Мәскеу Бүкілодақтық политехникалық институттың энергетика факультетіне сырттай оқуға түскен ол еңбектен қол үзбей білім алды. 1964 жылы «Электр станциялары, тораптары және жүйелері» мамандығын меңгеріп шықты. Бір жағында – күнделікті жұмыс, екінші жағында – күрделі есептер, тынымсыз оқу. Мұндай жолға адамды міндет емес, ішкі мұқтаждық бастайды. Гамил Хожаұлы үшін білім қызмет баспалдағымен жоғарылаудың құралы емес, дүниенің тетігін тереңірек танудың амалы еді.

1959 жылдың қарашасында Қазақ тау-кен металлургия институтына электромонтер болып қабылданған жас маман жоғары мектептегі еңбек сатыларының бәрінен өтті: электрик, бас энергетик, проблемалық зертхананың бас инженері, аға ғылыми қызметкер, ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, декан. Бұл – жай ғана атқарылған міндеттер тізбегі емес. Әр сатыда өндірістің қатал талабын, зертхананың дәлдігін, дәрісхананың жауапкершілігін бойына сіңірген маманның қалыптасу шежіресі.

Ол Өмірхан Байқоңыров, Евней Бөкетов, Өмірбек Жолдасбеков, А.В. Бричкин сынды ірі тұлғалардың мектебінен өтті. Ғалым өз естелігінде ұстаздарынан жұмыс, ғылым және адамгершілік жөнінде алған тәлімін өмірлік үлгі санағанын айтады. Тіпті, жұбайы Гүлхайырмен неке қию тойын сол кездегі факультет деканы Өмірбек Жолдасбековтің ұйымдастырып бергенін ілтипатпен еске алады. Адамның жадында атақтан бұрын жақсылықтың қалуы – оның өз табиғатын да таныстатын белгі. Гамил Хожаұлы ғылымдағы қатал өлшемді адамға деген жылылықпен ұштастыра білді.

1966 жылы күндізгі аспирантураға қабылданып, 1970 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Оның зерттеу өрісі төмен температуралы плазма генераторларын жасау мен сынаудан бастап, оларды электрмен жабдықтау және іске қосу мәселелеріне, электр станцияларының сенімділігі мен тиімділігіне, электр аппараттарындағы доғаның физикалық сипатына, тұтынушыларды электрмен қамту жүйелерінің үнемділігіне дейін созылды. Плазмотрондарды жасап, зерттеп, халық шаруашылығына енгізуге қосқан үлесі үшін Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс және қола медальдарына ие болды. Төрт авторлық куәлік – ойдың сызба бетінде қалып қоймай, нақты техникалық шешімге айналғанының куәсі.

Ал, Гамил Хожаұлының өміріндегі айрықша белес Алматы энергетика институтының құрылуымен сабақтас. 1973 жылдың қарашасында ол Қазақ политехникалық институты энергетика факультетінің «Электр станциялары және қосалқы станциялар» кафедрасының меңгерушісі болып сайланды. Екі жылдан соң осы факультеттің негізінде Алматы энергетика институты дербес шаңырақ көтерді. Демек, профессор Хожин жаңа оқу орнына дайын жүйеге қызмет ету үшін келген жоқ; ол сол жүйенің іргесін қаласқан, алғашқы тынысын бірге ашқан буынның өкілі болды.

Институттың 1975-1985 жылдардағы тарихына арналған еңбекте «Электр станциялары және қосалқы станциялар» кафедрасын басқарған тұлғалардың қатарында доцент Г.Х. Хожиннің есімі аталады. 1970 жылы ұйымдастырылған кафедра 1973 жылы алғашқы инженер-электриктерін түлеткен. Автоматтандырылған басқару мен оңтайландыру, релелік қорғаныс пен автоматика, электр станциялары және пайдалану бағыттарындағы зертханалар қалыптасты. Мұндай кезеңде кафедраны басқару – кесте түзіп, сабақ бөлумен шектелмейді. Ол мамандықтың ғылыми арнасын белгілеу, зертханалық негізін бекіту, ұстаздар ортасын ұйыстыру, ертеңгі инженерге қойылатын талапты орнықтыру деген сөз.

1975-1978 жылдары Гамил Хожаұлы АЭИ-дің кешкі және сырттай оқу факультетінің деканы болды. Мұның да уақыт жүктеген өзіндік салмағы бар еді. Өндірістен қол үзбей оқитын азаматқа жоғары білім беру – оның жұмыс тәжірибесін теориямен табыстыру, елге қажет инженерді кәсіпорыннан ажыратпай даярлау болатын. 1975-1976 оқу жылының басында мұндай оқу түрінде 853 студент болса, 1984-1985 жылдары олардың саны 2495-ке жеткен. Осы кең арнаның бастауында Хожин секілді ұйымдастырушы ұстаздардың еңбегі тұрды.

Ол аудиторияға дайын формуланы қайталау үшін емес, инженерлік ойлау мәдениетін қалыптастыру үшін кірді. Электр станциялары мен қосалқы станциялар, энергожүйелердің режимдерін есептеу, электр аппараттары, тарату құрылғылары, станциялардың арнаулы мәселелері – профессор оқытқан пәндердің ауқымы кең болды. Дәріс, зертхана, практикалық сабақ, өндірістік тәжірибе, курстық және дипломдық жоба – оқу үдерісінің әр буынына араласты. Төрт мыңнан астам инженер-энергетикті даярлауға тікелей қатысуы – жай ғана сан емес. Оның ар жағында қалалар мен ауылдарға жарық жеткізген, станциялар мен желілердің сенімді жұмысын қамтамасыз еткен, ғылым мен өндірісті басқарған мыңдаған тағдыр тұр.

Шәкірттерінің арасынан ғалымдар, жоғары оқу орындарының басшылары, өндіріс ұйымдастырушылары, энергетикалық кәсіпорындардың жетекші мамандары шықты. Оңдасын Әшімов, Ғұмарбек Дәукеев, Александр Брянцев, Владимир Мұқажанов және өзге де түлектердің кәсіби жолы сол мектептің өрісін танытады. Нағыз ұстаз шәкіртін өз көлеңкесінде ұстамайды; оның бойындағы қабілетті оятып, өз жолына шығарып салады. Гамил Хожаұлының ұстаздық ұстанымының өміршеңдігі де осында.

1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Жоғары оқу бас басқармасында бас маман болуы, 1994 жылы Алматы энергетика институтының электр жабдығы және электр станциялары кафедрасына профессор болып сайлануы, кейін кафедраны басқаруы оның тәжірибесінің бір оқу орнының шеңберінен асып, елдік білім саясатына ұласқанын көрсетеді. 1999-2003 жылдары «Электр станциялары, желілері және жүйелері» кафедрасын басқарған тұста қоғам да, экономика да жаңа арнаға бұрылған еді. Сол өтпелі шақта дәстүрлі инженерлік мектептің өзегін жоғалтпай, оны заман талабымен жалғау оңай міндет болған жоқ.

Ғалым еңбегінің тағы бір бағалы қыры – қазақ тіліндегі инженерлік білім қорын молайтуы. Техникалық терминді ана тіліне аудару – сөз алмастыру ғана емес, сол ұғыммен қазақша ойлайтын маман қалыптастыру. Гамил Хожаұлы дәрістерін қазақ және орыс тілдерінде жүргізіп, оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар әзірледі. 2009 жылы «Электр энергетикасы» мамандығына арналған орысша-қазақша сөздікті жарыққа шығаруы осы мұраттың айғағы. Ғылым өз халқының тілінде сөйлегенде ғана қоғамның терең қабатына сіңеді. Ұлттық тілдің өрісі көркем сөзбен ғана емес, дәл есеп пен күрделі технологияның тілін игеруімен де кеңейеді.

Оның қаламынан жүздеген ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек туды. Бірақ, еңбектің салмағы парақ санымен өлшенбейді. Оқулық студенттің қолына жетіп, күрделі ұғымды түсіндірсе; әдістемелік нұсқау жас оқытушының сабағын жүйелесе; сөздік жаңа терминді орнықтырса – автор еңбегінің шын ғұмыры сонда басталады. Гамил Хожаұлының еңбектері дәрістен зертханаға, есептеу жұмысынан дипломдық жобаға дейінгі тұтас оқу үдерісіне қызмет етті.

1973 жылы Чехословакияның жоғары техникалық оқу орнында дәріс оқып, ғылыми зерттеу жүргізуі оның тәжірибесін халықаралық ортамен сабақтастырды. Ел ішінде ғылыми кеңес мүшесі, энергетика және телекоммуникация жөніндегі оқу-әдістемелік бірлестіктің ғылыми хатшысы, мамандықтар бойынша комиссия төрағасы, сараптама тобының жетекшісі болып қызмет атқарды. 1975, 1976, 1977 және 1995 жылдары қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы болды. Бұл жұмыстар сырт көзге ғалымның негізгі еңбегіне қосымша міндет тәрізді көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, жоғары мектептің сапасы осындай көпке байқала бермейтін, бірақ дәлдік пен әділетті талап ететін істерден құралады.

Ұзақ жылғы еңбек «Еңбек ардагері» медалімен, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі және құрметті қызметкері белгілерімен, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі атағымен және өзге де кәсіби марапаттармен бағаланды. Алайда, ұстаз беделінің ең биік өлшемі төсбелгіде емес. Ол – көп жыл өткен соң шәкіртінің өз ұстазын ықыласпен еске алуы; бір кезде жазылған оқулықтың әлі де қажетке жарауы; қалыптасқан ғылыми дәстүрдің кейінгі буын қолында жалғасуы.

Бүгін энергетикалық қауіпсіздік мемлекеттің дербестігімен тікелей сабақтасып отыр. Жаңа қуат көздері, жасыл технологиялар, цифрлық басқару, желілердің тұрақтылығы – атауы өзгергенімен, бәрінің түбінде сауатты инженер мен жауапты ғылым тұр. Гамил Хожиннің ғұмыры бізге өркениеттің игілігін сырттай тамашалау аз екенін ұқтырады: оның тетігін өз қолыңмен жасап, тілін өз ақылыңмен меңгеріп, игілігін елге қызмет еткізе білу керек. Жер астындағы байлық та, сарқыраған су да, соққан жел де білімді адам араласпайынша халықтың ырысына айналмайды.

Тоқсан жыл – бір адамға берілген уақыт өлшемі ғана емес, бірнеше дәуірдің арасын жалғаған рухани көпір. Қарапайым электриктен профессорға дейінгі Гамил Хожаұлының жолында тосын секіріс жоқ; табанды еңбек, үздіксіз оқу, ғылыми адалдық, ұстаздық сабыр бар. Ол баяғыда бір ғимараттың сөніп қалған жарығын жаққан еді. Кейін тұтас бір инженерлік мектептің шырағын маздатты. Енді сол жарық өзі тәрбиелеген шәкірттердің ісінен, жазған кітаптарының бетінен, қазақша сөйлеген техникалық ойдың тынысынан көрінеді.

Ғұмырдың ұзындығын жыл санайды. Ал, оның мағынасын кейінгіге қалған жарық айқындайды. Профессор Гамил Хожаұлы Хожин жаққан ғылым мен білім шамы әлі талай буынның жолын нұрландыра бермек.

Ернар ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің Энергетика және жасыл технологиялар институтының директоры,
PhD, қауымдастырылған профессор

Болат ЖОЛАМАНҰЛЫ,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

2026 жылғы 30 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясында «Микробиология және вирусологияның биотехнологияны дамытуға және биоқауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады. Ғылыми жиын іргелі және қолданбалы зерттеулердің заманауи жетістіктерін талқылауға, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға және биотехнология саласындағы инновациялық әзірлемелерді тәжірибеге енгізудің жаңа мүмкіндіктерін айқындауға арналды.

ЕКІ МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖИЫН



Аталмыш мерейтойларға орай еліміздің мемлекеттік органдары мен өңірлерінен құттықтау хаттары келіп түсті. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, сондай-ақ бес облыстың әкімдіктері ізгі тілектерін жолдап, институт пен академиктің отандық микробиология мен вирусология ғылымын дамытуға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге және білікті ғылыми кадрлар даярлауға қосқан елеулі үлестерін атап өтті.

Конференцияда сөз сөйлеген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев академик Аманкелді Саданов-тың отандық биологиялық ғылымды дамытудағы елеулі еңбегіне тоқталып, оның ғылыми жетістіктерінің басты құндылығы зерттеу нәтижелерін нақты өндіріспен ұштастыра білуінде екенін атап өтті. «Ең маңыздысы – Аманкелді Құрбанұлы ғылым мен өндірісті ұштастыра білді», – деді Академия президенті. Оның айтуынша, ғалымның 1200-ден астам ғылыми еңбегі, 180-нен астам патенті мен қалыптастырған іргелі ғылыми мектебі отандық биотехнологияның дамуына елеулі үлес қосты. Ақылбек Күрішбаев осындай нәтижелі ғылыми мектептерді дамыту үшін ғылымды мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, зерттеу инфрақұрылымын жаңғырту, білікті ғылыми кадрлар даярлау және ғылыми зерттеулерде жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажеттігіне ерекше назар аударды.

Конференция мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының, халықаралық ғылыми орталықтардың және бизнес қауымдастығының өкілдері арасындағы кәсіби диалогты дамытуға бағытталған. Халықаралық ғылыми алаңда микробиология мен вирусологияның қазіргі жетістіктері, биотехнологиялық зерттеулердің басым бағыттары және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ғылыми тәсілдердің маңызы қарастырылды.

Халықаралық жиын барысында іргелі ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелер арасындағы байланысты күшейтуге, инновациялық биотехнологияларды өндіріске енгізуге, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруға және ғылым мен бизнестің өзара ықпалдастығын кеңейтуге ерекше назар аударылды. Бұл бағыттар ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттырумен қатар, отандық биотехнология саласының ғылыми-технологиялық әлеуетін дамыту үшін де маңызды.

Салтанатты жиын барысында микробиология және вирусология саласының ғалымдары ҚР Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық наградаларымен марапатталды.

Халықаралық конференцияның Ұлттық ғылым академиясы алаңында өткізілуі отандық ғылымның стратегиялық бағыттарын дамыту, ғылыми ұйымдар арасындағы ықпалдастықты күшейту және халықаралық зерттеу байланыстарын кеңейту тұрғысынан маңызды. Ғылыми қауымдастықтың бірлескен күш-жігері биотехнология саласындағы перспективалы зерттеулерді дамытуға, биологиялық қауіпсіздікті ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуге және Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Баспасөз қызметі



ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



ТҰҢҒЫШБАЙ ЖАМАНҚҰЛОВ,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ,
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ:

«МЕН КИНО МЕН ТЕАТРДА ОЙНАМАЙМЫН, ӨМІР СҮРЕМІН»

– Теміржолшының баласы екеніңізді білеміз. Әлі де қара шаңырағыңыз теміржолдың бойында. Ғажабы мен азабы мол өнерге, театрға қалай келіп жүрсіз?

– Ес білгеннен актер болу арманым еді деп, жаңсақ сөйлемей-ақ қояйын. Рас, мұртымыз тебіндеп, қыз-қырқынға көзіміз түсіп қызығар жасқа келгенде, ауылдың көркемөнерпаздар үйірмесінде шатпақтап, Радж Капурға еліктеп, сахнаға шықтық. Домбыра тартып ән айтуды, кітап оқуды, ұрланып өлең жазуды ермек қылдық. Бұл кейіндері... Жалпы, теміржолшылар үш-төрт жанұядан тұратын Мойынты-Шу теміржол құрылысының бойына орналасқан шағын разъезде жұмыс істейді, білетін шығарсыз. Оның үстіне бастықтары басқа ұлттан болатыны белгілі. Негізі жас жұмысшылар, бала-шағалары біреу-екеу ғана. Менің сүндетке жаңа отырған ойын баласы кезім. Үйде қалатын атам мен әжемнің қасында болдым, көбіне жалғыз жүретін едім. Әкем Қадыр Ташкентте арнайы теміржол құрылысының оқуын бітірген маман болатын. Жол бойының құрылысының екінші бастығы, яғни бригадир еді. Ол кездері теміржолшы мамандары бағасы артық адамдар сияқты еді. Үстеріне киетін киімдері де әскерилерге жақын, кәдімгідей погондары да болатын. Айына бір-екі рет разъезімізге вагон-клуб, вагон-лавка келеді. Кино көріп, азық-түлік алып мәз боп қалатынбыз. Алғашқы көрген кином сол вагон-клубтың тар бөлмесінде болған. Әкеме атам мен әжем күнара «Рүстем-Дастан», «Мың бір түн», «Дариға қыз» деген дастандарды өлеңдетіп оқытатын. Анда-санда үйімізге жыршылар келіп, май шамның жарығымен таң атқанша жыр-ертегілер айтылатын. Әкем сол жырлардың біразын шұқшиып отырып жазып алған. Атам мен әжем де ертегі-әфсаналарды, жырларды жақсы білетін, мақалшыл, сөзге шешен адамдар еді. Атам ірі малды өріске жайып кеткенде, әжем екеуміз қойлардан бөліп қозы бағатынбыз. Ой, біздің үй қой сауатын еді ғой, мен қойдың қою айранын ішіп өстім. Темір жолдың құрылысы телімтелім болып, екі жыл сайын басқа разъезге көшіп отырады. 1955 жылдың көктемінде Мойынты-Шу темір жол құрылысы аяқталды да, атам бірден аттан салып, әкеме «қайтамыз елге» деп бұйрық берді. Атамның сөзі бұлжымайтын заң, тағы көштік. Бұл жолы елге жақын қалаға. Содан Жамбыл қаласындағы темір жол бойындағы №38 мектептің 3 сыныбынан бір-ақ шықтым. Есімде қалғаны сол кезде бастауыш сыныптарға жүрек жалғар тамақ беретін, алғаш рет бөлішке, кисель дегеннің дәмін сол жылдары таттық. Мектептің кітапханасы бар екен, мұғалімдердің діттеуімен соның есігін аштық, кітапқұмар бола бастадық. Сол кітапханадан алып, алғашқы оқыған кітабым, авторы есімде жоқ, орысша «Пятеро Пятерых» еді. Театр, кино «ауруымен» кейінірек «ауырдық» қой.

– Кино мен театр әлемінде қандай тұлғалардан үйрендіңіз? Кімдер жолыңызды ашты?

– Кино мен театр өнері мамандық та, тәрбие орны да емес. Сана биіктігі, сол елдің мәдениеті мен өре мәресінің көрінісі. Өнерді үйрену мүмкін емес, ол – я бар, я жоқ. Өнерге тұшыну бар, сүйсіну бар. Ұқсап бағу бар. Машина айдауды, кілем тоқуды үйренуге болады, ал актерлық өнерді үйренбейді, ол жұғады, дертке шалдықтырады. Өнер – ол да ғылым. Оның теорияларымен танысу, талғам категорияларының құпияларын зерттеу – үйрену емес. Ол – тұлғалану, биіктеу. Өмір жолымда кездескен тұлғалардан үйрене алмадым, тек қызықтым, сүйсіндім, ұқсап бақтым келді. Мынадан үйрендім, мынадан жирендім деп, аттарын атап, түстерін түстеп әлекке түспей-ақ қояйын. Екеуі де бар. Жолымды ашқан, қазақи ұяңдықтан арылтып, ұлы да, биік өнерге жол сілтеген кісіні бәрі біледі, ол – Асқар Тоқпанов. Шеберлікке қаупайлаған ұстазым – Хадиша Бөкеева. Сәттіліктерім – адал адамдармен араласқаным, сәтсіздіктерім – білімсіз, кісілігі кемдермен бірге болған күндерім. Өтірік қомпаю, өзін зорлап сыйлату сияқты өнерпазға лайық емес пенделіктерін көрген, көріп күйінген қапалы кезім. Ал, театр мен кинодағы қуаныштарым мен мұңым, сәттіліктерім мен мүлт кетуім – бәрі өзімдікі, ол заңды құбылыс. Мен де адаммын, періште емеспін. Ең бастысы, ақылы кеш кіретін, бармағын кеш тістейтін, «әттегенайы» жетіп артылатын аңғал қазақпын.

– Байқасақ, кино бар, театр бар, жүзден астам елге танымал болған басты рөлде ойнадыңыз. Өзіңізге қай рөліңіз ерекше ұнайды?

– Мен кино мен театрда ойнамаймын. Өмір сүремін. Абылай болдым. Әбілқайыр да, әз Жәнібек те болдым. Махамбет те, Құнанбай да, Қайырхан да болдым. Болдым, солардың мұңын шектім, шерін тарқаттым, өкіндім, опындым. Солардың өмірін сүрдім, кейпіне ендім. Иә, бұл оңай емес. Оңай болса, көкірегі аяққаптай көрінгеннің бақталайына қонбай ма? Бұл маған жоғарыдан, Жаратушыдан келген назар, бұйрық. Бұлар басыма қонған бақ та болуы мүмкін, сор да болуы мүмкін. Сондықтан, мен, ол кейіпкерлердің кейпінен шыға алдым деп айта алмаймын. Олар мені биіктетті, мәңгіге менің санамда, жүрегімде, қанымда. Тіпті, болмысым да болып кеткендей. Мұрны көтеріліп, үлкен сөз айтып, еректеніп, мақтанып отыр деп ойлама, өйтсең – көңіл қалдырдың. Шыны осылай, бүгінде мен дерттімін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан: Есет ДОСАЛЫ

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ...



5 қарашада фармацевтика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Әл-Фараби атындағы сыйлықтың лауреаты Кеңесбай Үшбаев 87 жасқа қарағаң шағында дүниеден өтті.

Кеңесбай Үшбаев 1940 жылы Алматы облысының Кеген ауданында дүниеге келген. Ол 1983 жылы фармацевтика ғылымдарының докторы атанған тұңғыш қазақ әрі Орталық Азиядағы алғашқы ғалым болды. Ол Қазақстандағы фармацевтика ғылымын, білім беру ісін және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға елеулі үлес қосты.

Ғалым 60 жылдан астам ғұмырын фармацевтика саласының дамуына арнады. 1965 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын тәмамдап, кейін Львов мемлекеттік медицина институтының аспирантурасында білімін жалғастырды. Еңбек жолында оқытушы, кафедра меңгерушісі және Алматы медицина институтының оқу ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.

Кеңесбай Үшбаев Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас дәріхана басқармасын басқарды. 1990 жылдары Шымкент фармацевтика институтының ректоры, он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

Профессор 150-ден астам ғылыми еңбек жазып, оның жетекшілігімен және ғылыми кеңесшілігімен 24 ғылым кандидаты мен 3 фармацевтика ғылымдарының докторы даярланды.

Кеңесбай Үшбаев 1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы негізін қалаған, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеев қайта жалғаған «Қазақ» газетінің жанашыры еді. Ол Ақылдастар алқасының мүшесі ретінде газеттің таралымына үлес қосып, демеушілік көрсетіп жүрді.

Газет ұжымы мен Гүлбаршын Сәрсекеева атынан Сәрсекеевтер отбасы ғалымның жары Гүлназға, балаларына, туған-туыстарына, жақындарына, әріптестері мен шәкірттеріне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Кеңесбай ағамыздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады. Асыл ағамыз көзден кетсе де, көңілден кетпейді.

Рухыңыз пейіш төрінде шалқысын!

«Қазақ» газетінің ұжымы,
Гүлбаршын Сәрсекеева атынан Сәрсекеевтер отбасы



ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ БИІК БЕЛЕСТЕРІ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің түлегі Айнұр Досабаева дәл осы ұстанымымен қауіпсіздік индустриясында өз орнын қалыптастырған кәсіпкерлердің бірі.

Еңбек жолын KZ Protection Group компаниясында бухгалтер болып бастаған ол бүгінде компанияның құрылтайшысы әрі бас директоры.

Айнұр Досабаева 1986 жылы 27 ақпанда Жетісу облысының Жамбыл ауылында дүниеге келген. 2003 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Экономика және құқық факультетіне «Есеп және аудит» мамандығы бойынша оқуға түседі. Университет қабырғасында алған білімі оның кәсіби қалыптасуына берік негіз қалады. Қаржылық есеп, жүйелі талдау және ресурстарды тиімді басқару дағдылары кейінгі кәсіпкерлік қызметінің маңызды тірегіне айналды.

Ол еңбек жолын 2012 жылы KZ Protection Group компаниясында бухгалтер қызметінен бастады. Алайда Айнұрдың кәсіби ізденісі қаржылық есеппен ғана шектелген жоқ. Компанияның ішкі үдерістері мен нысандардағы операциялық жұмыстарға араласа жүріп, қауіпсіздік саласының қыр-сырын терең меңгерді. Жинақтаған тәжірибесін басқарушылық қабілетімен ұштастыра отырып, компанияның дамуына белсенді үлес қосты және біртіндеп басшылық деңгейіне көтерілді.

Айнұр Досабаеваның жетекшілігімен компанияның қызмет аясы кеңейіп, корпоративтік қауіпсіздіктің бірнеше бағытын қамтитын кешенді жүйе қалыптасты. Бүгінде KZ Protection Group физикалық күзет, терроризм тұрғысынан осал нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жүктерді қарулы сүйемелдеу, пульттік күзет, жедел әрекет ету топтарының жұмысы, бейнебақылау, қолжетімділікті бақылау жүйелері, өрт дабылы, инженерлік-техникалық қауіпсіздік, консалтинг және мамандарды даярлау бағыттарында қызмет көрсетеді.

ӘЙЕЛ КӘСІПКЕР ДЕСЕ ОЙЫМЫЗҒА АЛДЫМЕН СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ, СӘН НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ САЛАСЫ КЕЛЕДІ. АЛАЙДА ҚАЗІРГІ ТАҢДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ШЕКАРАСЫ ГЕНДЕРМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ. БҰЛ — ЕҢ АЛДЫМЕН, КӘСІБИЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ӘРІ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ТАЛАП ЕТЕТІН САЛА.

Компания дамуының маңызды кезеңдерінің бірі – Қазақстан аумағындағы филиалдық желіні кеңейту болды. Белсенді даму кезеңінде ұйымдағы қызметкерлер саны 5 мың адамға дейін жетті. Компанияның кәсіби бейінінде көрсетілген тапсырыс берушілер мен серіктестер қатарында «Қазақстан темір жолы», «ҚазМұнайГаз», «Ембімұнайгаз», «Каспий Битум», «Қазпошта», «Петросан» және басқа да ұйымдар бар.

Компания Қазақстан аумағында мұнай өнімдері мен стратегиялық маңызы бар жүктерді сүйемелдеу бағытында 13 жылдан астам уақыт бойы қызмет көрсетіп келеді. Мұндай ауқымды жұмысты ұйымдастыру кәсіби даярлықты ғана емес, тиімді басқару жүйесін, тәуекелдерді дәл бағалауды және кез келген жағдайға жедел әрекет етуді талап етеді. Айнұр Досабаеваның басқарушылық ұстанымында тәртіп пен жауапкершілік, заң талаптарын сақтау, қызметкерлермен тиімді қарым-қатынас орнату және қауіп-қатерлердің алдын алу маңызды орын алады.

Қазіргі таңда қауіпсіздік саласы технологиялық даму мен жаңа тәуекелдерге байланысты түбегейлі өзгеріп келеді. Осыған орай, компания қызметінде заманауи шешімдерге, кәсіби даярлыққа және қауіпсіздікті кешенді қамтамасыз етуге басымдық беріледі. Айнұр Досабаеваның стратегиялық бастамаларының бірі – Қауіпсіздік академиясын дамыту.

Академия аясында корпоративтік қауіпсіздік, терроризмге қарсы қорғалу, алғашқы көмек көрсету, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету, жер сілкінісі мен табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік, сондай-ақ түрлі қатерлердің алдын алу бағыттарында білім беру бағдарламаларын дамыту көзделген. Бұл бастама қауіпсіздік мамандарының біліктілігін арттырып қана қоймай, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Айнұр Досабаева кәсіби тәжірибесімен бөлісуге де ерекше мән береді. Ол бизнес-форумдар мен салалық конференцияларда спикер ретінде қатысып, корпоративтік қауіпсіздік пен басқару мәселелері бойынша ой бөліседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік, кәсіби білім беру және көшбасшылық бағыттарын дамытуға үлес қосып келеді.

Бүгінде ол KZ Protection Group компаниясын дамытуды, қауіпсіздік саласындағы жаңа жобаларды іске асыруды және мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған бастамаларды жалғастыруда.

Айнұр Досабаеваның бухгалтер қызметінен ірі компанияның басшылығына дейінгі кәсіби жолы білім мен тәжірибені ұштастырып, үздіксіз ізденудің маңызын көрсетеді. Оның жетістігі – бір күнде келген нәтиже емес, жылдар бойы қалыптасқан еңбекқорлықтың, табандылықтың және жауапкершіліктің жемісі.

Оның басты мақсаты – қауіпсіздік саласындағы тәжірибесін біліммен ұштастырып, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға үлес қосу. Өйткені, тұрақты жетістік компанияның көлемімен ғана өлшенбейді. Оның шынайы мәні – адамдарға беретін мүмкіндігі мен қоғамға тигізетін пайдасында. Оның бұл бағыттағы бастамалары жүзеге асып, кәсіби тәжірибесі мен еңбегі ел игілігіне қызмет ете берсін.

Есбол ҚУАТҰЛЫ

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама,
естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

«QAZAQ» ГАЗЕТІ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?



«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде;
- «Сайран» халықаралық автобекетінде;
- Алматы метрополитенінің «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу» бекеттерінде **тегін таратылады.**



«Qazaq» газеті Астана мен Алматыда:

- **«Kok tengri», «Караван» дүңгіршектерінде сатылады.**

ИНДЕКСІ – 64048

QAZAQ 1913

2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ
МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСҰЛАН СҰЛТАН

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

• MAIL: **qazaq1913gazeti@gmail.com**

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, №128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ, 128-КЕҢСЕ

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҮШПАЕВ
ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА
СӘБИТ БАЙЗАҚОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
СЕРІК ШАЙМАН
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ИНДИРА БІРЖАНСАЛ

• Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).
• Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.
• Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.
• Газет әр аптаның сәрсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 80 теңге.

Ⓐ жариялану ақысы төленген мақалалар.

• **ГАЗЕТ**
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ
(Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223«В»),
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
(Талғар қ., Қонаев к-сі, 18)
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ

• **Тапсырыс** №2573 /86
• **Таралымы** 7 000 ДАНА